


КАЗАК ПЕТРОГЛИФТЕРІ



Зайнолла Самашев

Жұмаш Жетібаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ә.Х.МАРҒҰЛАН АТЫҢДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
А.ЯССАУИ АТЫҢДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

(КӨНЕ ТАМЫРЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ)

ЗАЙНОЛЛА САМАШЕВ
ЖҰМАШ ЖЕТІБАЕВ

АЛМАТЫ 2005

САМАШЕВ ЗАЙНОЛЛА, ЖЕТИБАЕВ ЖҰМАШ

С 19 **ҚАЗАҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ** (КӨНЕ ТАМЫРЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ) — Алматы : “Иль-Тех-Кітап”, 2005. — 134 бет.

ISBN 9965–9329–1–3

Кітапта авторлардың 1989—2003 жж. Маңқыстау мен Үстіртте жүргізген археологиялық зерттеу барысында жинаған материалдары — қазақтың этнографиялық суреттері мен қабір үсті ескерткіштерінің ерекше түрі — қошқартастар жөнінде сөз болады.

Өз бастауын сонау көне замандардан алатын бұл ескерткіш түрлері жинақы түрде алғаш рет жарияланып отыр. Ондағы суреттердің кейбір үлгілері жазба деректер мен этнографиялық материалдардың, аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандардың толықтырылу мен қазақтардың XX ғ. басына дейінгі күнделікті өмірі мен тұрмысынан, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарынан, дүниетанымынан, қоршаған ортамен қарым-қатынасынан және т.б. іс-әрекеттерінен көптеген мәліметтер береді.

Басылым тарихшылар мен археологтарға, этнографтар мен өнертанушыларға және отандық тарихты сүйер көпшілік қауымға арналған.

ББК 63.3(2к)+63.5

Баспаға Ә. Х. Марғұлан атындағы археология Институтының ғылыми кеңесі ұсынды

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОР

М. ЕЛЕУОВ

С $\frac{0503020905}{00(05)-04}$

ISBN 9965–9329–1–3

© Самашев З., Жетібаев Ж., 2005
© “Иль-Тех-Кітап”, 2005

КІРІСПЕ

Қазақ даласы — бірнеше мыңдаған, жүздеген, ондаған жылдар тарихынан әртүрлі мағлұматтар беретін ескерткіш түрлеріне өте бай.

Солардың бірі — петроглифтер. Петроглиф — латынның “петро” — тас және гректің “глиф” — жазу деген сөздерінен құралған термин. Қазақ тілінде ол — жартастағы жазу немесе сурет деген ұғымды білдіреді.

Сонау жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға дейін келіп жеткен жартас суреттері — бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін “ашық аспан астындағы галерея” болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдесі жоқ дерек көздерінің бірі. Себебі, петроглифтерден біз ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығы мен кәсібіне, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарына, дүниетанымына, қоршаған ортамен қарым-қатынасына және тағы басқа да іс-әрекеттеріне байланысты мағлұматтарды ала аламыз.

Қазақ даласы осындай мағлұматтар беретін жартас суреттері жиынтық орындарының көптігі жөнінен Еуразия континентіндегі алдыңғы орындардың бірін алады. Осы уақытқа дейін Қазақстанда әр тарихи кезеңді қамтитын 200-ден астам жартас суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр. Солардың ішінде жан-жақтылы зерттеліп, ғылыми айналымға түскендері: Ақбауыр, Арпаөзен, Баян-жүрек, Ешкіөлмес, Қойбағар, Майдантал, Мойнақ, Таңбалы, Теректі Әулие. Аталмыш ескерткіштерге байланысты еліміз бен бірқатар шетелдердің баспа беттерінен арнайы еңбектер жарық көріп, өз орындарын әлем мәдениеті мен ғылымының алтын қорынан тапса, ал олардағы кейбір бейнелер — түрлі басылымдардың мұқабасын безендіріп, халықаралық конференциялар мен байқаулардың және т.т. таңбасына айналып отыр.

Біздің бұл зерттеу жұмысымызға негіз болып қазақ петроглифтері, соның ішінде авторлардың 1989—2003 жж. Маңқыстау және Үстірт өңірлерінен жинаған материалдары алынып отыр. Заманымыздың ХХ ғасырының басына дейінгі аралықты қамтитын бұл суреттер негізінен осы өңірлердегі Айрақты, Ақмая таулары мен Жығылған мүйісінің жартастарына және табыну орны — мешіттер мен қайтыс болған адамдардың басына тұрғызылған ескерткіш-құрылыстардың (мазар, сағана-там, сағана) қабырғаларына, сондай-ақ қабір үсті ескерткіштерінің ерекше түрлері болып табылатын зоо-антропоморфты тас мүсіндер — қойтас-қошқартастар мен құлпытастардың өн-бойына салынған. Бұл жерде айта кететін бір жәйт: жерлеу ескерткіштерінің қабырғалары мен өн-бойына салынған суреттердің пайда болуын немесе “құрып кетуін” бірқатар зерттеушілер исламның таралуымен, яғни жерлеу ескерткіштеріне заттарды қоюға, тірі жанды бейнелеуге тыйым салумен байланыстырады. Ол туралы этнограф В. В. Востров былай деп жазды: “Өлген адаммен бірге қару-жарақтарды, ыдыстарды, яғни оның тірі кезінде пайдаланған заттарын бірге көмуге тыйым салынғандықтан, олардың бейнелерін қабір үсті ескерткіштерінің қабырғаларына салған...” (Востров, 1959, 58 б.). Сөз жоқ, қазақ петроглифтеріне

(негізінен жерлеу ескерткіштеріндегі бейнелерге — авторлар) ислам өз әсерін тигізгенімен суреттердің пайда болуы бір мәнде өрбімеді. Олай дейтін себебіміз, петроглифтердің арасынан діни наным-сенімнің көне қалдықтарына, көшпелі өмірдің қатал көріністері мен жағдайларына негізделіп салынған суреттерді көптеп кездестіруге болады.

Ал енді осы суреттердің зерттелу деңгейіне келер болсақ, қазақ петроглифтері туралы алғашқы мәліметтерді біз XVIII ғ. аяғы — XIX ғ. басындағы кейбір Ресей және Батыс Еуропа зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінен кездестіре аламыз. Осы жерде, әсіресе, Патшалық Ресейдің әскери және басқа да ведомстволары мен Орыс География Қоғамы (ОГҚ) үлкен рөл атқарды. Осы жерде полковник Ф. Ф. Бергтің басқаруымен 1825—1826 жж. Қазақстанның батыс өңірлерінде жұмыс істеген әскери-ғылыми экспедициясының жұмысын атап өткен жөн. Осы өңірлерде жүргізілген экспедиция мемориалды-табыну ескерткіштеріне және олардың қабырғаларына салынған суреттер туралы маңызды этнографиялық мәліметтер жинады. (Первые русские научные..., 1963). Осындай мағлұматтарды біз сондай-ақ Г.С.Карелин (Карелин, 1832) мен ОГҚ-ның мүшесі М.И.Иваниннің (Иванин, 1847) еңбектерінен де кездестіре аламыз. Мәселен, Г.С.Карелин өз еңбегінде теңізге жақын қоныстанған қазақтардың балық аулап, теңізде қарақшылық кәсіппен айналысқаны жөнінде мінген кемелері мен қайықтарының бейнелерін жартастар мен қайтыс болған тумаластарының басына тұрғызған ескерткіш-құрылыстарының қабырғаларына салатындығы жөнінде мәліметтер жинаған болса, ал М.И.Иванин өз мақаласында Маңқыстау далаларында суреттердің көп екендігі жайында айтып өткен.

Ескерткіштің осы түрлері жайында құнды деректерді А. Левшиннің (Левшин, 1832) белгілі еңбегінен және подпоручик Алексеевтің 1851—1852 жж. Үстіртте жүргізген топографиялық зерттеулерінен (Первые русские научные..., 1963) кездестіре аламыз. А. Левшин кітабында қазақ зиратының қабырғаларына салынған найза, садақ, жебе сияқты қару түрлері, құсбегі және оның бүркітінің бейнелері туралы мағлұматтар болса, ал Алексеевтің зерттеулерінде Домқара, Уәли, Қыштым, Мыңсуалмас, Ақмешіт-Бекет сияқты қазақ зираттарының орналасқан жері, олардағы скульптуралық бейнелер мен схемалы түрде салған суреттер жайлы айтылады.

Қазақ петроглифтері туралы келесі бір мәліметтерді И. Мейердің және XIX ғ. 50-жылдары Маңқыстау өңіріне жер аударылғандар — Т. Г. Шевченко (Бейсов, 1952) мен Б. Ф. Залесскийдің еңбектерінен (көркем сурет) кездестіре аламыз. Мәселен, И. Мейер өз мақаласында Орынбор ведомствосында тұратын қазақтардың мәйітті жерлеу құрылыстарының қабырғаларына көшпелі өмірдің әртүрлі көріністері жайында салынған мәліметтер келтірсе (Мейер, 1862), ал Т. Г. Шевченко мен Б. Ф. Залесский аталмыш өңір қазақтарының петроглифтерін халық архитектурасы туралы салған көркем суреттерінде кескіндеген. Б. Ф. Залесскийдің 1865 ж. Парижде жарық көрген альбомының арқасында қазақ петроглифтері Батыс Еуропа жұртшылығына белгілі болды (Zaleski, 1865).

Арал-Каспий өңірлерін жайлаған қазақтардың мәдениеті мен тұрмысы XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында да зерттеушілердің назарын одан әрі өзіне аудартты. Осы уақытта көптеген әртүрлі очерктер баспа беттерінен жарық көрді. Онда мазар және т. б. мәйітті жерлеу ескерткіштеріне, олардың қабырғаларындағы суреттер мен ою-өрнектерге және соларға байланысты аңыздарға, ғұрыптарға көп көңіл бөлінген. Бірақ та солардың ішінде өлке этнографиясына байланысты жазылған толық еңбек болып неміс ғалымы, әрі дәрігері Р. Карутцтің еңбегі саналады (Карутц, 1910). Автор аталған өлкені қоныстанған халықтардың жерлеу құрылыстарының кейбір жеке түрлеріне, олардың еске алу ғұрпына байланысты безендірілуіне (суреттермен, ою-өрнектермен — авторлар) тоқталып кеткен.

Аталмыш өңірлердің солтүстігіндегі көне ескерткіштерді зерттеуде (XIX ғ. соңы — XX ғ. басы) Орынбор ғылыми-архивтік комиссиясының мүшелері үлкен жетістіктерге жетті. Соның ішінде, әсіресе, 1910—1911 жж. Орынборда жарық көрген И. А. Кастаньенің екі үлкен жинағын ерекше атаған жөн (Кастанье, 1910; 1911).

Қазақ петроглифтері туралы құнды материалдарды 1939 ж. Мәскеуде жарық көрген Б. А. Клодтың альбомы мен А. Тереножкиннің еңбегінен кездестіруге болады. Мәселен, Б. А. Клод альбомының алғашқы басылымының кіріспе сөзі мен ескертулерінде қазақ далаларында кездесетін күмбезді мазарлардың (Қорқыт-Ата, Атбасар өңірінде және т.б.) қабырғаларына аттар мен салт аттылардың бейнелері салынғандығы айтылса (Казахский народный орнамент..., 1939), ал А. Тереножкин өз еңбегінде Жантай, Байымбет, Ақтепе сияқты күмбезді мазарларға салынған суреттер туралы айта келіп, олардағы сюжеттердің шеңбері анимистикалық түсінікке негізделген, яғни өлген адам о дүниеге барғанда қажеттілердің бәрімен (мәселен, бұрын (ислам дініне дейін) қабірге өлген адаммен қылыш, садақ, жебе және т.б. қажетті заттарын, сондай-ақ, мінген атын бірге көметін болса, ал ислам дінін қабылдағаннан кейін олардың орнына сол заттардың бейнесін басына тұрғызылған құрылыстың өн-бойына салатын болған) қамтамасыз етілуі керек деген пікір айтады (Тереножкин, 1938).

Қазақ петроглифтері туралы келесі бір мәліметтерді екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі уақыттарда жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының материалдарынан кездестіре аламыз. Солардың ішінде, әсіресе, Батыс Қазақстанның сәулет өнері мен монументалды глиптикасын зерттеген Т. К. Басенов (Басенов, 1957) пен М. М. Меңдіқұлов (Меңдикулов, 1987) еңбектерінің маңызы өте зор.

Қазақ петроглифтеріне қатысты материалдарды сондай-ақ В. В. Востров пен С. П. Поляков еңбектерінен де кездестіре аламыз. Мәселен, В. В. Востров қабір үсті ескерткіштерінің қабырғаларындағы суреттердің қалай пайда болғандығы жөнінде мәселе қозғаса (Востров, 1959), С. П. Поляков Маңқыстаудың оңтүстігіндегі қорымдардағы қабір үсті ескерткіштерінің кіші формалары — қойтастар мен ұштас, бестастарға қылыш, найза, айбалта сияқты қару түрлерінің бейнелері салынатынын атап өткен (Поляков, 1973).

Ескерткіштің осы түрін зерттеуге көңіл бөлген ғалымдардың бірі — А. Г. Медоев. Ол өткен ғасырдың 60-жылдарындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде баспа беттерінен жарық көрген өзінің кейбір мақалалары мен монографиялық еңбегінде осы суреттердің қазақ тарихы үшін ғана емес, бүкіләлемдік ғылым үшін маңызы зор екенін айта келіп, оны одан әрі зерттеуді ұсынған (Медоев, 1969; 1979).

Қазақ петроглифтеріне қатысты мағлұматтарды біз сондай-ақ Х. Арғынбаевтың еңбегінен (Арғынбаев, 1973), С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, К. Сыдықовтардың "Маңғыстау" атты ұжымдық кітабынан (Шалабаев, Өмірбаев, Сыдықов, 1973), У.С.Қыдыралиннің (Қыдыралин, 1975), Т. Жанысбековтың (Джанысбеков, 1981) кандидаттық диссертацияларынан, С.Әжіғалиевтің (Аджигалиев, 1994), Қ. Ибраеваның (Ибраева, 1994), Ж. Адаев пен С.Әжіғалидің (Адаев, Ажигали, 2000) және И.Тасмағамбетовтың (Тасмағамбетов, 2002) монографиялық еңбектерінен де кездестіре аламыз.

Халқымыздың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ петроглифтерін ғылыми тұрғыдан зерттеу, тек өткен ғасырдың 80-жылдарының соңынан, яғни Ә. Х. Марғұлан атындағы археология Институтының жанынан құрылған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеу жұмысынан басталады. Жинақталған материалдар бойынша авторлар бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Бұл мақалалардың кейбірі (Самашев, 1992, 1993; Самашев, Жетібаев, 1993; Жетібаев, Швец, 2002) жалпылама болса, енді біреулері қазақ петроглифтеріндегі әртүрлі сюжеттерге арналған (Самашев, Жетібаев, 1999а, 1999б, 2001; Жетібаев, 1993, 1994а, 1994б, Жетібаев, 2001; Жетібаев, Самашев, 1995.).

Қазақ петроглифтерін зерттеу барысында біз оның көптеген қыры мен сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның қайнар көзі мен жаңғыру жолдарын айқындасақ, ал ондағы кейбір сюжеттер ата-бабамыздың дәстүрлі мәдениетінің жоғалып бара жатқан компоненттерін, шаруашылық-мәдени типтерінің ерекшеліктерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын және т.т. қалпына келтіріп, түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көзі.

Өз бастауын сонау көне замандардан алатын бұл суреттер құрамы жағынан да, мағынасы жағынан да алуан түрлі. Олардың арасынан жеке бейнелерден бастап, көп бейнелі күрделі композицияларға дейін кездестіруге болады. Сол көріністер мен композицияларға жасалған сараптау мен жүйелеудің нәтижесінде біз оларды әскери тұрмыс; зооморфты образдар мен аңшылық сюжеттері; ұста құралдары мен зергерлік өнер туындылары; қатынас-тасымал көліктері; атрибуттар, символдар және культтік бейнелер сияқты бірнеше тақырыптарға топтастырдық.

Суреттер екі түрлі жәй нобайлы-сызба және күрделі көлемді-бедерлі техникалық әдістермен салынған. Олардың (суреттер) басым көпшілігі нобайлы-сызба әдіспен салынса, ал көлемді-бедерлі әдіспен орындалғандары негізінен құлпытастар мен қойтас-қошқартастарда, сондай-ақ сағаналарда ғана кездеседі.

Салынған суреттерге мынадай ерекшеліктер бейнеленген заттардың көпшілігіндегі этнографиялық бөлшектің дұрыстығы; сюжеттік бейнелеудің семантикалық (кездейсоқтық емес) сипаты; суреттердің тақырыптық және сәйкестік түрлері тән болса, ал сипаттамалық ерекшеліктері болып қайтыс болған адамдардың жынысы мен кәсібі саналады. Мысалы, құлпытастардағы қару-жарақтар — еркектікі, әшекей бұйымдары — әйелдердікі екендігін көрсететін жеткілікті сенімді белгілер болып табылады. Осы ескерткіштердегі заттық-сюжеттік, атрибуттық бейнелердің басымдылығы кездейсоқтық емес. Оған мысал ретінде 1830 ж. Сесем-Ата қорымында болған Г.С.Карелинге әсер қалдырған суреттерді алуға болады: "...әртүрлі тастарда адамдар мен жануарлардың бейнелері қашалған және сызылып салынған: олар жазулардың орнына жүріп, өлген адамның дәрежесін немесе кәсібін көрсетеді. Мысалы, кеменің сызылып салынған бейнесі өлген адамның теңізде қарақшылық жасағандығын; садақ, жебе, чекан (айбалта), қылыш және басқа да қарулар бұл қабірге ержүрек батырдың мүрдесі қойылғандығын; жылқының бейнесі — Жылқышыны, яғни бақташыны; мылтық ұстаған адамның архарға қарсы тұрған бейнесі аңшыны білдіреді" (Карелин, 1883, 491 б.).

Жалпы алғанда ескерткіштің бұл түрі ертедегі көшпелілер, соның ішінде, әсіресе, көне түркі дәуірі тайпаларының ескерткіштері сияқты прокламативтік бағытта болып келеді. Оның негізгі мотиві — әскери тұрмыс, көшпелі өмірдің қатал көріністері, билік пен байлық және т.т. болса, ал салыну әдісі жағынан скиф-сақ аң стиліне өте жақын.

Жоғарыдан көріп отырғандарыңыздай, ұлттық мәдениетіміздің кішкентай ғана бір пұшпағы болып саналатын — "қазақ петроглифтері" азын-аулақ хабарламалар мен бірнеше ғылыми мақалалар болмаса, күні бүгінге дейін жеткілікті әрі жүйелі, сайып келгенде мүлдем зерттелмеген, кең мағынасында белгісіз. Соның салдарынан ол ғылыми әдебиеттерде өзіне лайықты орын ала алмай отыр.

Осыны ескере отырып, біз қазақтың этнографиялық суреттерін мүмкіндігінше ғылыми негізде ғана емес, жалпы мәдени сабақтастық тұрғыда зерттеп, осы еңбек арқылы оны Қазақстанға ғана емес, көрші тарихи-мәдени аймақтарға таныстыруды бірінші кезектегі міндет етіп алға қойып отырмыз.

I. САЛТ АТТЫ САРБАЗ

(эпикалық дәстүр мен бейнелеу өнеріндегі образы)

Атты әскер — сонау көне замандардан ХХ ғасырдың басына дейін көптеген халықтардың, әсіресе, Еуразияның табиғаты қатал Ұлы дала төсін жайлағандардың негізгі әскери күші бола отырып, олардың болмысы мен тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды рөл атқарып келгені тарихтан белгілі. Сондықтан осы халықтардың бейнелеу өнері (соның ішінде қазақтардың) (1—23-суреттер) мен эпикалық шығармаларының, аңыз-әңгімелері мен мақал-мәтелдерінің негізгі ой-өзегі — батыр образы, салт атты сарбаздың іс-әрекеті, қару-жарақ, жалпы алғанда әскери тұрмыс.

Әскери тұрмыс қазақ петроглифтерінде қару-жарақтың көптеген түрлерімен қаруланып әртүрлі іс-әрекетті атқарып жүрген салт атты сарбаз образында берілген. Салт атты сарбаз образын сондай-ақ, қабір басына қойылған зоо-антропоморфты тас мүсіндер — қойтас-қошқартастар мен құлпытастардан да байқауға болады.

Қазақ петроглифтеріндегі салт атты сарбаз тағдыры бейнелеудің негізгі лейтмотиві —


Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек, қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап, —

деп Ақтамберді жырау (Ақтамберді, 1991, 69 б.) жырлағандай, ел-жұртын қорғап, басқыншылардан азат ету; “Қаған болғанда жорықтарға шығып, мүсәпірлер мен кедейлердің жағдайын көтердім, кедейлер бай болды”... немесе “... баса кіріп (ол елден) қызыл алтын мен ақшыл күміс, қызыл жібек пен ағри-тастарын, қисапсыз (әртүрлі) алымдар әкелдім”, — мен, ақылды Төнікөк осы елге деген көне түрік жазба ескерткіштерінің үзінділерінен көріп жүргеніміздей (Киселев, 1951, 505 б.), көрші елдердің жақсы жайылымдары мен елді-мекендерін басып алып, халықтың қонысын, жерін кеңейту, керуен жолдарын тонап бай олжалар әкелу, тұтқында кеткен отандастарын азат ету және жау қолынан қаза болғандардың кегін қайтару; сондай-ақ, бейбіт немесе жұт жылдары “қара қазан, сары бала қамы” үшін — аң аулау және т.т. Олай дейтін себебіміз, суреттерде ол көбіне жорық сапарында немесе ұрыс майданында (1; 4—23-суреттер), тіршілік үшін қосалқы кәсіп — аң аулау жағдайында (2; 3-суреттер) бейнеленген.


1.1. ЕР — ЕЛ ҚОРҒАНЫ

*Батыр жалғыз болмайды,
Жақсылығы тисе халыққа.
"Батыр — халық ұлы" деп
Айтпаған бекер тарихта.
(Парпария, 1989, 62 б.)*


Қазақтың этнографиялық суреттерінде кескінделген адам (батыр) бейнесі негізінен өте қарапайым түрде, яғни бетәлпеті өңсіз, бос болып, ал кеудесі мен қол-аяқтары жай сызықтармен (1—4; 18; 20; 21-суреттер), кейбірде тік бұрыштармен (5—7; 22-суреттер); өте сирек көріністерде: кеудесі — қазақтың антропоморфты мүсініне ұқсас болса (8—17; 19; 23-суреттер), ал аяғы — қонышы кең, биік өкшелі, киіз байпақты саптама етік түрінде қалыптан тыс ұлғайтылып берілген (1; 5; 6; 8; 11; 12-14; 17; 22-суреттер). Осы жерде Сейсем-Ата қорымындағы бір сағана — саргофагтың үстіне қойылған антропоморфты сарбаз мүсініне тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз (24; 24а — суреттер). Бет-әлпеті өңсіз, бос болып келген оның басында конус іспетті "қаптама" дулыға бар. Етегі рельефті шеңбермен дөңгелене көмкерілген дулығаның үстіңгі жағы бір-біріне жалғанып тігілген пластиналарды білдіретін үшбұрыштардан тұрады. Иықтары домаланып келген трапеция пішінді кеудесі астындағы тұғырымен бірге бүтін ұлутасынан қашалып жасалған. Тұғырдың қапталдарында үшбұрыш құрайтын сынық сызықтар бар. Олардың кейбірі тік сызықтардың қосылуы арқасында "жебе" тәрізді адай руының таңбасына айналған. Осындай белгі-таңбалар мүсіннің иықтарында да кездеседі. Денесінің алды-артына қылыш, айбалта, шиті мылтық, жебелі садақ пен жебелері бар қорамса және найза сияқты қару-жарақ түрлері барельефті әдіспен салынған. Мүсіннің тұғырында су толатын ойық бар. Исламға дейінгі бастауы бар мұсылмандық-мистикалық түсінік бойынша оған толған суды өлген адам жанының териоморфты образы — құстар ішуі тиіс. Бұл жерде айта кететін бір жағдай, антропоморфты бейнелердің бет-әлпетінің өңсіз, бос болуы мұсылмандық бейнелеу өнерінің жалпы бағытымен байланысты (Шукуров, 1889, 246 б., Большаков, 1969, 142—156 бб.). Исламның гне-



1-сурет



2-cyper



3-cyper

сеологиялық нормалары бойынша "шын бет-әлпетті" қарапайым пенделердің тануы мүмкін емес деген ұғым бар.

Қолымызда бар деректерге сүйенсек, батыр — тек соғыста ерлік көрсеткен тұлға ғана емес, ол — соғыс өнерін кәсіпке айналдырып, бүкіл өмірін соғыста өткізетін және кәсібі бүкіл әулетіне жалғасып отыратын; хандық билікпен тығыз байланыста болып, мемлекеттік істерге араласып отыратын; өзіндік мәдениеті мен өнері, идеологиясы мен моральдық нормалары, салт-дәстүрі, наным-сенімдері мен ырым-жоралары бар көшпелі қоғамның ерекше жігі.

Енді біз батырларға берілген осы анықтамаға қысқаша тоқталып өтейік.

Батыр — кәсіпқой әскери адам. Әскери кәсіп — батырлардың негізгі кәсібі. Сондықтан бұл қоғамдық жік өкілдері қартайғанша қаруын қолынан тастамай, бар өмірін соғыста өткізетін. Соғыста қаза болу батырлар үшін қасиетті өлім болып саналады. Оған Ақтамберді жыраудың:

“Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан, қайтейін”, —

деген толғауы (Ақтамберді жырау, 1991, 68 б.) мен кешегі жоңғар шапқыншылығы кезінде ауырып, төсек тартып жатқан Олжабайдың: “Қой боғындай қорғасын маған бұйрықсыз болып, жамандардай төсекте сұлап жатып, қағындыдан өлдім-ау”, — деп бармағын жұлып-жұлып шайнап тастағаны (Абылай хан, 1993, 342 б.) мысал бола алады.

Әскери кәсіп — батырлар үшін ата кәсіп саналып, көп жағдайда әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысып, ел үшін соғысқа қатысуға міндетті.

Әскери әулеттен болғандықтан батырлар алғашқы ерлік жолын көбіне соғыста өлген әкесінің кегін алудан бастайды. Өйткені, әке кегін құмау батырлар үшін өліммен бірдей. Бұл жерде айта кететін бір жәйт: бір-бірінің намысын қадірлей білген батырлар: “...Мен өлсем арманым жоқ, артымда үш ұл, бір қызым бар. Сен өлсең, артыңда қалған дәнеңең жоқ, түйяқсыз қаласың, елге бар да әйел ал, бала көр, ...артыңда кек алатын түйяқ қалсын”, — деген үзіндіден (Жалғыз жігіт ұрпақтары, 1989, 183 б.) көріп отырғанымыздай, айқастағы қарсыласының артында кегін қуар мұрагері болуын қатты ескеріп отырған.

Ата кегін, халық кегін алу — батырлардың басты міндеті. Сондықтан өмір бойы елдің кегін кектеп, аттан түспеген батырлардың есімі халықтың есінде мәңгі сақталып, өмірлері жырға өзек болып, есімдері ел ұранына айналатын.

Әскери кәсіптің басты мақсаты елді сыртқы жаудан қорғау және ішкі тәртіпті сақтау болғандықтан ертеде ел, мемлекет билігі әскерилердің қолында болды. Өйткені: хандар, әміршілер, ел билеушілер батырлар әулетінен шығатын немесе осы қоғамдық жіктің өкілдері. Мәселен, Аблай хан мен Кенесарылар батырлар әулетінен шыққан бір кездегі батырлар.

Батыр — елші. Батырлар — хандық билікпен тығыз байланысты, яғни хан жанындағы әскери кеңес мүшелері, түрлі лауазым иелері болғандықтан елдің ішкі және сыртқы саясатына араласып, мемлекетаралық қатынастарға қатынасып, әртүрлі қызметтерді атқаратын. Батырлар атқаратын сондай қызметтердің бірі — елшілік қызметі. Себебі, елшінің негізгі міндеті:

"Сен темір де мен көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгенмін.
Егесетін ел шықса,
Иілткелі келгенмін", —

деп Қаз дауысты Қазыбек бидің жоңғар ханына айтқан осы сөзінен көріп отырғанымыздай, екі елдің арасындағы соғысты тоқтатып, сауда-саттық, тату көршілік қарым-қатынас орнату. Егер де осы аталған іс-әрекеттер шешіле қоймайтын жағдайда:

"Табысуға келмесең,
Тұрысатын жеріңді айт,
Сен қабан да мен арыстан
Алысқалы келгенмін", —

демекші соғысатын жерін белгілеп қайтатын (Төреқұлов, 1993, 100 б.).


Елшілер өз дегеніне кез келген әдіспен жетіп отырған. Бірде олар қарсыласын өздерінің күші туралы өтірік ақпаратпен қорқытса (Козин, 1947, 147 б.), енді бірінде оқыс қимылдап, айқайлап, өздерін қатыгез ретінде көрсетіп жауларының беделін түсіруге тырысқан (Липец, 1984, 60 б.).

Батыр — жырау. Жыраулар өнері батырлар идеологиясымен тікелей байланысты. Өйткені, жыраулар — батырлар жігінің өкілдері, яғни олардың бәрі батырлар әулетінен шыққан және кезінде батыр болған адамдар. Оған қолбасы болған Қазтуған жырауды, Есімханның әскербасысы Жиенбет жырауды, Темір бидің батыры Шалкиізді, жорыққа қатысқан батыр — Доспанбетті мысалға келтіруге болады (Ай заман-ай, заман-ай, 1 т., 1991, 27, 51, 35, 30 бб.).

Батыр-жыраулар жыр айту арқылы айқас алдында жауынгерлердің рухын көтеріп, ерлікпен аты шыққан батыр, қолбасыларға мадақ жыр шығарып, даңқын көтеретін (Тұрсынов, 1976, 158 б.), яғни батырлық рухтың жыршысы, батырлық идеологияны дәріптеуші.

Батыр — аңшы. Аңшылық батырлардың негізгі кәсібі емес. Бірақ та кейбір жағдайларда олар аңшылықпен айналысқан. Атап айтсақ ол жағдайлар:

- жүттан малдары қырылған от-басы мен ауылдастарын асырау үшін;
- мал шаруашылығына зиян келтірген жыртқыш аңдарды құрту үшін;
- тыныштық, бейбіт жылдары әскери дайындығын жоғалтпау және оны одан әрі жетілдіру үшін;



4-сурет


1.1.1. БАТЫРЛАРДЫҢ ДІНИ-НАНЫМДАРЫ

“Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер” деп қандай да бір үлкен істі батасыз бастамайтын халқымыз сияқты, батырларымыз да батырлық жолына түсерде, алғашқы жорықтарына аттанарда әулие ақсақалдардан, атақты батырлардан, не әкешелерінен бата алып шықса, ал жорықта, айқаста, жол жүргенде сыйынатын, қолдайтын пірлері, әулиелері болған.


Қазақ батырлары сыйынатын пірлердің ішінде көне заманнан келе жатқандары да, ислам дінінен енгендері де бар. Олардың кейбіреулері мифтік қаһармандар болса, ал енді біреулері аты аңызға айналған тарихи тұлғалар.

Солардың ішінде ең бірінші аталатыны Иран, Тұран батырларының пірі — атақты мифологиялық батырлар — Рүстем мен Дастан болса, ал екіншісі — Баба Түкті Шашты Әзиз. “Утемиш-хаджи Чингиз-наме” кітабында ол (Баба Туклас) Өзбек хан кезінде қазақтың ру-тайпаларын ислам дініне енгізген төрт әулиенің бірі болса (Чингизнаме, 1992, 106, 156 бб.), ал қазақ-ноғай батырлық жырларында Баба Түкті Шашты Әзиз әулие болып, мешіт ұстаған тақуа адам ретінде айтылады (Парпария, 1989, 46 б.). Баба Түкті Шашты Әзиз — Ә.Диваевтың еңбектерінде он екі баулы өзбектің Мұнран руының пірі делінсе (Диваев, 1992, 220 б.), Р. Мұстафинаның зерттеулерінде ол Қазақстанның оңтүстігінде ислам дінін енгізуге ат салысқан әскербасы ретінде көрсетілді (Мустафина, 1992, 82 б.).


Көшпелі халықтардың батырлары пір тұтып, сыйынатын исламға дейінгі көне рухтардың бірі — Файып ерен, қырық шілтен.




5-cyper



6-cyper



7-цyper



8-цyper

Көне наным бойынша Ғайып ерен, қырық шілтен көзге көрінбейтін, шілтен деп аталатын қырық нөкері бар адамдарға көмектесіп жүретін рух.


Ислам дінінің енуімен бірге қазақтар мұсылман әулиелеріне де сыйына бастады. Қазақ батырлары сыйынған сондай әулиелердің бірі ислам үшін соғыстарда көп ерлік көрсеткен, мұсылманның атақты батыры, төртінші Халиф болған — Ғали (Әлі, Хазрет Әлі).

Жорықта, жолда жүретіндіктен батырлар Қыдыр (Қызыр) атаны да пір тұтатын. Қызыр баба Шығыста ислам дініне де әулие саналып, кейін мұсылман әулиелерінің қатарына енген.

Қазақтардың көнеден келе жатқан діни түсініктері бойынша әр батырдың айқаста, жорықта, түрлі қиын жағдайларда көмектесетін аруақтары болған. Аруақ — адамның ата-бабаларының қасиеті, киелі рухтары, ал кие — аруақтың қасиеті, басқаларға тигізетін кесапаты, зияны немесе жақсылығы (ҚТТС, 1985, 1 т., 350 б.; 5 т., 31 б.).

Батырлардың киесі жайшылықта көзге көрінбейді. Ол тек айқаста, соғыста ғана көрініп, жауды жеңуге көмектеседі. Батырдың киесі болуы оның күштілігінің белгісі. Оған ата-бабаларының аруағы — жолбарыс болып қонған Бәйтiк ұлы Тоғаныс батыр туралы аңызды мысалға келтіруге болады. Бұл аңызда Тоғаныс ел қамымен Қоқан бегінің алдына барғанда, бек оның сөздеріне қарсы ештеңе айта алмай, батырдың шаруасын бітіріп шығарып салған екен. Бұған таң қалған бектің нөкерлері: “Сізге не болды, Бегім? Жалғыз қазақтың айтқанын мақұлдап келісе бердіңіз ғой,” — дейді. Сонда бек: “Сендер не білесіңдер? Мен келісе берейін деп келісті дейсіңдер ме? Сарайға өзінен бұрын екі жолбарысы кіріп келіп, екі иығыма аяқтарын салып тұрды ғой”, — деген екен (Дайрабаев, 1992, 15 б.). Осындай аңыздарды қазақ ауыз әдебиетінен көптеп кездестіруге болады.

Қазақ халқының аруақтары, оның киесі туралы діни нанымдарының түп-тамыры өте көне замандарда жатыр. Алғашқы рулық қауымдарды әр ру-тайпалар өздерін белгілі бір аңнан, құстан жаралғанбыз деп түсініп, өзінің тегі саналатын хайуанатқа табынған. Алғашқы қауым заманындағы адамдардың бұл көне діни нанымын, “тотемизм” деп, ал ру-тайпалардың тегі саналған Хайуанаттарды “тотем” деп атайды (Токарев, 1990, 51-82 бб.). Көне түріктердің өздерін көк бөрінің ұрпағымыз деуі және т.б. мысалдар осы көне тотемдік нанымның дәлелі.



9-сурет

1.1.2. БАТЫРЛАРДЫҢ ЭТИКАСЫ, МОРАЛЬДЫҚ НОРМАЛАРЫ

Кез келген халықтың әскерилерінікі сияқты қазақ батырларының да қалыптасқан жауынгерлік этикасы мен моральдық нормалары болған және оны олар қатаң ұстаған. Атап айтсақ олар:

— үлкен айқастар әрқашанда жекпе-жекпен басталады; жекпе-жекке қатысу батырлардың басты міндеттерінің бірі; жауынгерлердің шын мәнісінде батыр атануы осы жекпе-жек айқастарда жеңіске жетуден басталады; сол жекпе-жектің алдында батырлар бір-бірінің аты-жөнін сұрап, өздерін таныстыруға тиісті; бұдан жеңген батырлар жеңілген қарсыласының кім екенін біліп отырған; таныстыруда сонымен қатар батырлардың өз аты ғана айтылмай:

"Мен — менмін, мен — менмін.

Мен де сендей батырмын.

Аты-жөнімді сұрасаң,

Көп ру Қырым жұртында,

Түпкі бабам Ер Күлік,

Мен Қоянақ баласы

Барымтада олжа алған,

Кезегін жауға өткізген,

Торғауыт бұзып жол салған

Қарт Қожақ дейтін батырмын",—


деген (Ер Тарғын, 1989, 284 б.) үзіндіден көріп отырғанымыздай, руы мен елінің, бабасы мен әкесінің аттарын, жасаған ерліктерін айтатын, сондай-ақ қарсыласына психологиялық шабуыл жасап, жауының мысын басатын:

— ертегілерде, батырлық жырларда жиі кездесетін "атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе?" — деген сөз тіркесі бар. Бұдан біз батырлардың жек-пе-жек айқаста қарсыластарына қару таңдауға мүмкіншілік бергенін, бес қаруды түгел меңгергендігін және өзіне сенімді екендігін көреміз;

— жекпе-жекте көшпелі халықтардың батырлары жасы үлкен, жолы үлкен адамдарға бірінші кезекті беретін болған;

— ұйықтап жатқан, сондай-ақ қарусыз адамдарды өлтірмеген;

— батырлар жорыққа шыққанда жауды қапыда шаппаған. Керісінше оған хабар беріп, айқасқа дайындалуға мүрсат беріп, кездесетін жерін, уақытын белгілеген. Бұдан біз батырлардың өкініште қалмай, өз намысын қарумен қорғауға мүмкіншілік алғандығын және бір-бірінің қадір-қасиетін, ар-намысын қадірлей білгендігін көреміз.



10-сурет

1.2. АТ — ЕР ҚАНАТЫ

*Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.*

(Бұқар жырау, 1991, 90б.)

Қазақ петроглифтерінің көп бөлігі жылқы малына арналған. Оның себебі: “Біз — даланың тұрғындарымыз. Бізде сирек те, қымбат та заттар, тауарлар жоқ. Біздің басты байлығымыз — жылқы. Оның еті мен терісі біз үшін тамақ пен киім, ал сүті — шишалы сусын... Біздің көңіл көтеретін жеріміз — мал жайылымдары мен жылқы үйірлері. Біз үйірлерге жылқыларды қызықтау үшін барамыз”, — деп қазақтың белгілі ханы Қасым айтқандай (Материалы по истории... 1969, 226 б.), сондай-ақ археологиялық және этнографиялық материалдардан, ауыз әдебиеті үлгілерінен көріп жүргеніміздей, жылқы малы сонау көне замандардан, яғни оны алғаш рет қолға үйретіп, мініс және күш көлігі ретінде пайдаланған кезден бері көптеген халықтардың, соның ішінде, әсіресе, табиғаты қатал Еуразияның далалық белдеулерін жайлаған көшпелілердің қоғамдық-экономикалық дамуында өте үлкен рөл атқарып келе жатқан үй жануары.

“Ер қанаты — ат” деп қазақ атамыз айтпақшы, суреттерде оларға ерекше мән берілген. Кішірек басты, қамыс құлақты, қаз мойынды, бота тірсекті, құйрық-жалы күзелген немесе түйілген олар халық ауыз әдебиетінде кездесетін эпикалық сәйгүліктер көркіне өте ұқсас етіліп бейнеленген (1—23; 25—29; 54; 71; 74; 85; 96-суреттер).


Суреттердегі аттардың түр-тұлғасы болып әлемдік иппологиядағы сұлулық пен гармонияның, пропорция мен экстерьердің ең жоғарғы теңеулеріне сай келетін (Хербен, 1994, 1—17 бб.) және жергілікті табиғат жағдайларына бейімділігі мен төзімділігі, алысқа шабар ұшқырлығы жағынан таза қанды араб сәйгүліктері мен еуропалық көптеген будандас “мәдени” жылқы тұқымдарынан асып түсетін (Потто, 1877, 154—172 бб.; Плещеев,

1904, 56—74 бб.) “арғымақ” (адай сәйгүлігі) мен Арал-Каспий және Сыр өңірлерінде, сондай-ақ Ішкі Бөкей ордасында кеңінен тараған “қазанат” сияқты асыл тұқымды қазақы жылқылар алынған (Бабаджанов, 1871, 292 б.). Бұл жерде айта кететін бір жәйт: суреттердегі аттардың көпшілігі айғыр түрінде бейнеленіп (2; 5; 8—12; 14; 16; 17—19; 23; 27—29; 54; 71; 74; 85; 96-суреттер), жүріп бара жатқан немесе бір орында тұрған кейіпте кескінделген.

Арғымақ, Арғымақтардың негізі — таза қанды түрікмен ахалтекесі немесе таза қанды араб жылқысы. Ахалтеке тұқымы көне заманда пайда болып, осы уақытқа дейін жеткен көшпелі түркілердің асыл тұқымды жылқысы болса, ал таза қанды араб жылқысы — арабтардың Орта Азияны жаулап алғаннан кейін — көшпелі бәдеуи жылқысын Орта Азияның, Парсының жылқыларымен будандастыру арқылы шығарылған.

Қазақ арғымақтары (солардың бірі жоғарыда айтып өткеніміздей адай сәйгүлігі) тегі жағынан түрікмен не араб жылқысы болғанмен, қазақ даласына, оның климатына бейімделіп өсірілгендіктен, ыстық-суыққа төзімділігі, алыс қашықтыққа шабуға шыдамдылығы жағынан олардан асып түсетін. XIX ғасырда жарық көрген кейбір деректерде таза қанды түрікмен ахалтекесі мен қазақ арғымақтарын жарыстырғанда, олардың түрікмен жылқысынан басым түсіп, озып кеткені айтылады (Ер қанаты, 1987, 15—17 бб.).

Арғымақ тұқымы өзінің жүйріктігімен, алысқа шабар ұшқырлығымен ерекшеленеді. Оның тұла бойынан жүйріктік пен шабысқа бейімділікті сезуге болады. “Арғымақ жалсыз, ер малсыз”, — деп халық айтпақшы, арғымақтың дене бітімі сұлу, қақпан бел, тік мойынды, басы кішкене келген, аяқтары ұзын әрі жіңішке, тұяқтары кішкентай, құйрық-жалы қысқа, жүні тықыр.



11-сурет

Арғымақ жөнінде Ақтамберді жырау :

“Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгіліп
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз”, —

деп жырласа (Ақтамберді жырау, 1991, 64 б.), ал XVIII ғасырда өмір сүрген ресейлік зерттеуші И.Фальк өзінің бір еңбегінде мұндай жолбарыс түсті шұбар арғымақтардың Орта жүзде көп екенін, олардың Бұқарада өте көп ақшаға сатылатындығын жазып кеткен (Прошлое Казахстана в источниках ... 1985, 543 б.; Фальк, 1999, 124 б.).


Қазанат. Қазақтың асыл тұқымды жылқыларының бірі қазанат деп аталады. Ол — арғымақ айғыр мен жабы тұқымдас биені будандастыру арқылы алынған жылқы тұқымы. Оны кейде “будан” десе, ал Орта Азияда бұл тұқымды “қарабайыр” деп атайды (Ер қанаты, 1987, 22 б.).

Арғымақтың жүйріктігі мен ұшқырлығын, жабы тұқымының ыстық-суыққа төзімділігі мен аштыққа шыдамдылығын және екеуінің де алыс жолға беріктігін қабылдаған қазанатты қазақтар арғымақтан жоғары бағалаған. Досбол шешеннің:


“Арғымақты атты көп бақтым,
Садағасы кетсін буданнан”, —

деуі сондықтан болса керек (Досбол, 1984).

Дене бітімінен жүйріктік те, күш те бірдей сезілетін, яғни омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұлғасы әрі үлкен, әрі жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық-жалы қысқа, басы онша үлкен емес, та-



12-сурет



13-сурет

науы кең, тез семіретін, майын сыртына жинайтын, сазандай дөңгеленіп келген жуан мойынды қазанатты ертеде тек батырлар ғана мінген (Ахметжанов, 1996, 35 б.). Сондықтан, оны кейде “ер аты” деп те атаған.

“Қазақтар ең алдымен еркекті, содан соң — жылқыны, үшінші кезекте — әйелді құрмет тұтады”, — деп қазақ даласына жер аударылған поляк революционері А. Янушкевичтің туған-туыстарына жазған хатының үзіндісінен көріп отырғанымыздай (Янушкевич, 1979, 191 б.) немесе “Қазақтар уақытының көп бөлігін ат үстінде өткізеді. Дүниеде олар үшін бұдан артық ештеңе жоқ”, — деп ХІХ ғасырда өмір сүрген орыс этнографы К. Н. Калачев айтпақшы (Калачев, 1860, 292 б.) жалпы көшпелі халықтардың (қазақтардың) жылқы малын құрметтеуі, оған табынуы шаруашылығының бағытымен байланысты. Өйткені, атсыз мал бағу былай тұрсын, онсыз шексіз қиянда өмір сүру өте қиын. Сондықтан бүкіл қазақандық көне өркениет белгілі бір мөлшерде жылқы малымен тығыз байланыста болған.

Осы құбылыстар көптеген халықтар арасында жылқы малына деген табынушылықты туғызып, бірқатар теңеулер мен ырымдарға арқау болды. Енді сол теңеулер мен ырымдарға қысқаша тоқталып өтейік.


Жылқы — малдың патшасы. Жылқы ел түсінігінде ер серігі, айшылық алыс жерлерге жылдам хабар жеткізетін желден озған жүйрік немесе байлықтың өлшеушісі ғана емес, ол — қазақ үшін сән-салтанат, сұлулықтың өлшемі. “Ердің атын аты шығарады” демекші батырлық жасау, батыр атану тек жылқы малының арқасында ғана мүмкін болатындығын түсінген ата-бабамыз жақсы көретін аттарына, әсіресе әскери аттар мен сәйгүліктерге аса құрметпен қарап, ерекше күтім жасаған.

Оларға көз тимесін деп мойындарына тұмар байлаған (1—4; 10; 12; 18; 19; 22; 27; 28-суреттер), жабулап ұстап, маңдайына, жалына немесе құйрығына “үкі” таққан. (Ибрагимов, 1872, 120—152 бб.; Аргынбаев, 1975, 199 б.).


Қазақ ғұрпында жылқыны ұрып-соғу былай тұрсын, жылқы байланатын желіден аттап өтпейді; бие сауатын көнекті тешпейді; ат сатқанда жүгенін, ер-тоқымын сатпайды; жылқышының құрығын аттамайды.

Жылқы — киелі жануар. Жылқы тұқымын қадірлеу, оны киелі деп білу көнеден келе жатқан салттардың бірі. Оның шығу төркіні ерте көшпелілер заманындағы наным-сенімдермен қабысады. Олар аттың бас сүйегін, тұяғын тұмар ретінде пайдаланған. Мәселен, соғыс кезінде жазымнан, өлімнен сақтап, жауынгерлерге бақыт әкеледі деген ырыммен сарбаздарының белдігіне жүйрік аттың тұяғын байлап қоятын. Мұндай әдет қазақ тұрмысында да болған (Маргулан, 1986, 31 б.).

Жылқы — қасиетті құрбандық малы. Жылқы — сонау көне замандардан бері көшпелілердің құрбандыққа шалатын ең қасиетті малы. Оған мысал ретінде қазақ салтындағы “тұл атты” алуға болады. Сонымен қатар қазақтар жылқыны отбасында ұл баланың дүниеге келу құрметіне, оның тоқымқағарына және т.б. жағдайларға байланысты құрбандыққа шалатын болған. Мәселен, елін жаудан қорғауға жиналған жауынгерлер оң қолының сұқ саусағын құрбандыққа шалынған боз биенің қанына батырып, оны жалап ант береді. Шайқасқа шығар алдында туларына боз биенің қанын жағады. Бұл салттар да жылқыны қасиетті мал ретінде санаудан туған ырымдар.



14-сурет




15-cyper




16-cyper




17-cyper




18-cyper




19-cyper



20-cyper



21-cyper



22-cyper



23-сүрөт



24-сүрөт




24А-сурет

1.2.1. ТҰЛ АТ

Қазақ петроглифтерінде ішінара кездесетін бейнелердің бірі — үстінде адамы жоқ ерттелген және ерттелмеген аттар. Олар суреттерде жекелей де, қару-жарақ түрлерімен де және басқа да жағдайларда кездеседі (25-29; 34; 35; 83; 87; 96; 99; 101; 114-суреттер).

Бұл — “тұл аттар”. Тұл ат деп қазақтар иесі қайтыс болған атты атайды. Мәселен, бұрынғы өткен замандарда атты (немесе аттарды) қайтыс болған иесімен қабірге бірге көметін (мысалға, қараңыз: Самашев, Базарбаева, Жумабекова, Сунгатай, 2000). Қазақтың көнеден келе жатқан салты бойынша мұндай аттарды иесінің жылдық асына дейін құйрық-жалын күзеп, үйірге қосып, көздің қарашығындай қорғайды. Бұдан кейін ол ғұрыптық мал саналып, “тұл ат” атанады (мұндай аттарды моңғол-қалмақтар сэтэр деп атаса, ал көптеген түркі тілдес халықтарда ыдық (ыйық) деп аталады. Бір жерден екінші бір жерге көшерде бұл салт бойынша оны



25-сурет

үйірден ұстап әкеліп, қара жабумен жабулап, оның үстіне қайтыс болған адамның тірі күнінде мініп жүрген ер-тоқымын теріс ерттеп, ерге киімі жабылып, жетектеледі (Акатай, 2001, 281 б.).

Көшкен кезде "тұл атты" әйелі немесе үлкен ұлы көштің алдында жетектеп жүрген.

Бұл көштің қаралы екендігін көрсетеді. Жылдық асының уақыты келген кезде "тұл ат" ас беріп жатқан үйдің алдына әкелінеді. Ас берілген адамның әйелі мен балалары жоқтау айтып, атпен қоштасады. Содан соң бұл ат құрбандыққа шалынады, азалы ту жығылып, сабы сындырылады. Асқа жиналған жұрт күтіліп, қаралы үйдің жүгіне жайылған сеп (қайтыс болған адамның киім-кешегі) жиналады.

Ұлы дүбірлі астарда асты аяқтайтын күні ат бәйгесі және балуан күресі өткізіледі. Бәйгеден озып келген ат жүлдесін алған соң, ас тарқайды. Ас тарқаған соң асқа сойылған тұл аттың басы, төрт тұяғы және терісі иесінің моласына апарылып қойылады. Бұдан біз қазақтардың жалпы көшпелілер сияқты жылқы малын құрметтегенін және оған табынғандығын көреміз.

1.2.2. ЕР-ТҰРМАН. АТ ӘБЗЕЛДЕРІ


Ежелден көшіп-қонып, мал баққан халықтар, әсіресе, көшпелілер үшін көліктің негізгі түрі — салт ат болғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан олар (көшпелілер) сонау көне замандардан бері ер-тұрман жабдықтарына ерекше мән берген. Оған ертедедегі көшпелілерден қалған мәйітті жерлеу құрылыстарына жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында табылған ер-тұрман қалдықтары мен жартасқа салынған бейнелері дәлел бола алады.

Қазақтың этнографиялық суреттерінен ер-тұрман, ат әбзелдері жабдықтарының біразын кездестіруге болады. Бірақ соған қарамастан біз жоғарыда аталған ер-тұрман, ат әбзелдері жабдықтарының біразына қысқаша тоқтап өтуді жөн көріп отырмыз.


Ер. Ер — қазақ петроглифтерінде әртүрлі жағдайда кездеседі. Бірінде ол сарбаз мінген салт атта жабдық ретінде берілсе (1-9; 11-13; 15; 17; 18; 21; 22; 72; 74-суреттер), ал екіншісінде — “тұл атта” (25—27-суреттер), үшіншісінде ердің құр өзі кескінделген (36-сурет). Сондай-ақ, ұлустаан қашалып жасалғандары да кездеседі (37-сурет).

Жазба деректер мен мұражай коллекцияларына сүйенсек, қазақтарда ердің бірнеше түрі болған. Солардың ішінде ел арасына кең тарағандары: “қазақ ері”, “шошақ бас ер”, “құранды ер”, “қозы құйрық ер”.

Қазақ ері — екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектерді қосу арқылы жасалынады. Ердің орта ағашы мен екі қапталына қайыңның бұтақсыз түзу кесінділері пайдаланылса, ал екі қасына көбіне жуандау қайыңның екі айырылған тұсы қолданылады. Осы аталған бөлшектері өңделіп, дайын болған соң, оларды арнайы жасалған қалыпқа салып қиыстырады да, қас етектері мен қапталдардың астасатын тұстарын тесіп, түтікше тәрізденіп жасалған шегелермен шегелейді. Кейде шегелердің орнына қайыс таспалар қолданылады.




26-сурет



27-цүпер



28-цүпер



29-сурет

Ердің бұл түрінің қазақтар арасында өте кең таралуына байланысты “қазақ ері” деп аталып кеткен.


Шошақбас ер (36-сурет) — қайың, қарағаш немесе емен сияқты берік ағаштардан алдын-ала дайындалған екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын 4—5 бөліктерден құрастырылып жасалынады. Ердің алдыңғы қасына ағаштың айыр түсі пайдаланылса, ал екі қапталы мен артқы қасы жуан ағаш кесіндісінен дайындалады. Орта ағаш, көбінесе, екі қапталдың ортасынан шабылып шығарылады. Егерде қапталға арналған ағаш жіңішке болса, онда орта ағаш бөлек дайындалады.

Көпшілік жағдайда мұндай ерлердің сырты басқа затпен қапталмайды. Ерді сәндеу мақсатымен оның алдыңғы қасының шеттерін айнала күміс, жез сияқты металдармен көмкереді.

Ердің бұл түрі негізінен еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында көптеп кездеседі.

Құранды ер. Ердің бұл түрі бірнеше бөлек ағаштардан құралып жасалатындықтан “құранды ер” деп аталады.

Кейбір деректерде қазақ ершілерінің құранды ерді 18-20 бөлек ағаш



30-сурет

құранды ермен көптеген ортақтастықтар бар. Дегенмен, мұны құранды ердің бір түрі деп қарауға болмайды. Өйткені, оған қойылған атау да, жалпы кескіні де оның қазақ ерлерінің ішіндегі өз алдына жеке қалыптасқан айрықша бір түрі екендігін дәлелдейді (Арғынбаев, 1987, 25 б.).

Қозықұйрық ер көбінесе өте жұмсақ әрі жеңіл жөке ағашынан дайындалған 6—7 бөліктерден құралады. Соның ішінде алдыңғы қасы екі бөлек, артқы қасы 2—3 бөлек ағаш кесіндісінен жасалынады. Бұған екі қапталды қос-қанда ер сүйігінің негізгі бөлшектерінің тұрақты қалыптасқан құрамы шығады. Қозықұйрық ердің тағы бір өзгешілігі сол, мұнда орта ағаш болмайды. Оның орнына көн не қайыс тартылады (Арғынбаев, 1987, 25 б.).

кесінділерінен құрастырғаны айтылса (Арғынбаев, 1987, 24 б.), ал өзбек шеберлері осындай ерлерді 22—23 бөлек ағаштан құрастырып жасаған (Габбин, 1899).

Құранды ердің осыншалықты көп бөлек ағаштардан құралып жасалуының өзіндік себептері бар. Олар: ер жасауды кәсіп еткен шеберлердің қолынан шығатын ерлерінің біркелкілігін сақтауында және ер жасайтын материалдың табылуы оңайға түспейтіндіктен, қолда бар ағаш кесінділерінің қандайын болсын қажетіне жаратуында. Соңғысы еліміздің ағаш аз өсетін аймақтарына тән.

Құранды ер терек, жиде, тал сияқты жұмсақ әрі мықты ағаштардан жасалатындықтан, оның сүйегі өте жеңіл, сыртқы формасы тым сыпайы болып келеді. Атқа да, адамға да жайлы болғандықтан Қазақстанның кейбір аймақтарында құранды ерді “әйел ері” деп те атайды.

Қазақтар пайдаланған ердің келесі бір түрі — *қозықұйрық ер*. Ол негізінен Маңғыстау өңірі мен Жем бойын мекендейтін қазақтардың арасында кеңінен тараған.

Қозықұйрық ердің жасалу тәсілінде

Тоқым. Тоқымды қазақтар киізден сырып жасайды. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға және барқыт сияқты қымбат маталармен көмкеріп, тоқымның сыртын түгелдей қалың былғарымен де жабады.

Тоқымның көлемі де, пішілу кескіні де әр түрлі болады. Әйелдерге арналған ер тоқымдары көлемді болып, жақсы көмкерілсе, ал ер адамдарға арналған ер тоқымдары көлемі жағынан ықшамдау келеді.

Киіз тоқымдарды түрлі ою-өрнектермен сырып істесе, ал былғары тоқымдарға сан түрлі тәсілдермен жүргізілетін ою-өрнектерге қоса күміс әшекейлер де жиі қолданылады.

Тебінгі (13-сурет). Тебінгі деп қазақтар тоқымның екі жағынан бірдей қалың былғарыдан жасалатын жалаң қабатты атайды. Тебінгі — бір жағынан, әсемдік үшін тағылса; екіншіден, тоқым қысқа болған жағдайда аяқ киімді аттың терінен сақтайды, ал тоқым ұзын болған күнде оны жылдам тоздырмайды.

Үзенгі (1; 11; 18; 36-суреттер) — негізінде темірден, қоладан жасалынады. Темір үзенгі сом темірден тұтас соғылса, ал қола үзенгі арнайы қалыпта құю арқылы жасалынады.

Сондай-ақ қазақтарда ағаш үзенгілер

де болған. Ол тек қайыңнан иіліп жасалынады. Кейде мұндай үзенгілерде мықтылық үшін темірмен құрсаулайды. Ағаш үзенгіні көбіне қыстыгүні қолданады, өйткені



31-сурет



32-сурет


береді. Мұның айылдан айырмасы сол, оның екі ұшына да арнайы жасалған доғабастар тігіліп, бір ұшына ұзын қайыс бүлдірге тағылады. Бүлдіргені екінші доғабастан іліп алып тартып байлау арқылы бекітілетіндіктен, айылдың бұл түрі тартпа деп аталады.

қатты аяздарда темір үзенгі адамның аяғына да, атқа да жайлы тимейді. Үзенгі ерге қалың қайыстан не былғарыдан екі қабаттап жасалған айылбасты үзенгі бау арқылы тағылады.

Айыл. Бір ерде екі айыл болады. Бірі — төс айыл, екіншісі — шап айыл деп аталады. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау болып келіп, жалаң ердің үстінен тартылса, ал төс айыл ат көрпенің үстінен тартылады.

Ер-тоқым құрамына кіретін айылдар ежелден бері жіптен не қайыстан жасалынады. Жіптен жасалған айылды халық құр айыл деп атайды. Мұны жасау үшін түйе шудасынан немесе ешкі қылынан есілген жіңішке жіптердің бірнешеуін қатарлап, оларды бір-біріне қосып жуан шуда жіппен тігіп дайындайды. Мұның бір ұшына айылбас, екінші жағына жылқы қылынан жалпақ етіп өрілген жырым тігіледі. Қайыстан жасалатын айылдың да бір басына айылбас тағып, екінші ұшын таспалап тіледі де, жырым етіп өреді.


Халық арасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан айылдың көне түрі — тартпа. Оны құрдан да, қайыстан да өріп жасай



33-cyper




34-cyper



35-cyper



36-cyper



37-сурет

Құйысқан (73-сурет). Құйысқан — ер-тоқымның аттың мойнына кетпеу үшін арт жағынан тағылатын ат әбзелі. Ол қайыстан және қалың былғарыдан жасалынып, беттері күмістелген не алтынданған темір әшекейлермен безендіріледі. Ел арасында сондай-ақ өрме құйысқан да кездеседі.

Өмілдірік — сән үшін тағылатындықтан, қалың былғарыдан жасалынып, мол әшекейленеді. Өмілдіріктің екі ұшы ердің алдыңғы қасының екі жағына бекітіліп, ортасы аттың омырауында тұратындықтан ердің кейін сырғымауына да септігін тигізеді.

Жүген (5-9; 11; 14; 15; 18-20; 22; 23; 25-суреттер). Жүген негізінен ноқта, ауыздық, тізген және шылбыр сияқты төрт бөлімнен тұрады. Ноқта — екі жақ, бір-бірден мылық, кеңсірік және сағақ сияқты бөлшектерден тұрады. Екі жақтың ұзындығы екі түрлі, яғни қамшылар жағындағысы екіншісінен едәуір ұзын болады да, жоғарғы ұшы жылқының желкесінен асып, аттанар жағындағы жақтың жоғарғы ұшындағы айылбаспен бекітіледі. Ұзын жақтың жоғарғы ұшын жүгеннің желкелігі дейді. Желкелік арқылы жүгенді үлкейтіп, не кішірейтіп отырады.

Милықты кейде кекілбасар деп те атайды. Мұның ұшы екі жақтың жоғарғы ұштарына тігіледі де, жылқының милығын басып тұрады.

Кеңсірік — жүгеннің қарсы алдынан екі жақтың төменгі ұштарына жақын арадан тігіледі де, одан төмен ауыздық тағылады.

Ауыздық жаққа шығыршық арқылы ұштасады. Мұны сулық дейді. Шығыршық, сулықтың жаңарған түрі.

Сағақ — деп милықтың тұсынан жүгеннің астына қарай тігілген бөлікті атайды. Ол жүгеннің ат басынан өз бетімен сыпырылып қалмауы үшін қажет.

Бұл да екі бөлек болумен бірге бірі ұзын, екіншісі қысқа болып келеді. Ұзыны жүгеннің оң жағына, қысқасы сол жағына тағылады. Қысқасының ұшына айылбас тігіледі немесе тұзақталып жасалады.

Тізгін, шылбыр қылдан есіліп, қайыстан ызылып не өріліп жасалады. Тізгін жіңішке болады, оның екі ұшы сулықтарға оңай шешілмейтіндей етіліп байланады немесе мүлдем тігіледі. Ал, шылбыр тізгінге қарағанда жуан әрі ұзын болады. Оның тұзақталған ұшы жүгеннің сол жақ сулығына бекітіледі. Тізгін аттың басын алып жүру үшін, шылбыр атты байлап қою үшін тағылады.

Малды байлап, жетектеп, ер-тұрман салып ұстайтын осы аталған әбзелдердің қай-қайсысы да қазақтың көнеден келе жатқан ырымы бойынша иелерінің рұқсатынсыз ешкімге берілмеген. Қорыққанда да, қуанғанда да дәтке қуат етіп, жігеріне жаныған азаматтың мал-мүлікке қожалығын білдіретін құралдар қастерлі нәрседей тұтылған.

1.3. ЕР ҚАРУЫ — БЕС ҚАРУ

Салт атты сарбаз суреттерде қарудың жеке түрлерімен де, "Ер қаруы — бес қару" демекші көптеген түрлерімен қаруланған (1-3; 5; 8-10; 14-17; 19; 20-суреттер).

Қару-жарақ түрлері бір жағынан соғыс ісінің дамуының материалдық негізгі болса,



38-сурет


екінші жағынан кез келген халықтың заттық мәдениетінің ең негізгі бөліктерінің бірі болып саналады. Олар өзінің мағанасы мен безендірілуіне, саны мен сапасының ара-қатынасына және қолдану әдістеріне байланысты қоғамның дамуымен бірге үнемі жетілдіріліп, дамытылып отырған.

Қазақ қару-жарағының өзіне тән өсу жолы және даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған көне мәдениеттердің үлгілері дәлел бола алады. Бұдан біз қазақ халқының осы жерді мекендеген көне тайпалардан қалған мәдениеттердің, соның ішінде, қару-жарақ түрлерінің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы екенін көреміз. Сонымен қатар қазақ қару-жарақ түрлерінің дамуына көрші елдер мен басқа халықтар көп әсер тигізді. Сайып келгенде, жергілікті қару-жарақ түрлері сырттан келген қару-жарақ түрлерінің кейбір элементтерін бойына сіңіріп, үнемі жақсару және даму үстінде болды.

Қолымызда бар деректер мен этнографиялық материалдарға сүйене отырып, қазақтың қару-жарақ түрлерін жақыннан, алыстан және қорғаныста қолданылатын деп үш топқа топтастыруға болады.



39-сурет




40-сурет

1.3.1. ЖАҚЫННАН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАРУ ТҮРЛЕРІ

Қылыш. Суреттерде ең көп кездесетін қарудың бірі — қылыш. “Қылыш — міндеті кесу” — деп аталарымыз айтқандай, ол — қоян-қолтық айқаста қарсыласын кесуге, шабуға арналған қару.

Қазақ қылышын сыртқы пішініне қарап қайқы қылыш (3; 16; 24; 30-32; 34; 35; 38-39; 42; 43; 46; 47; 76; 103-106; 109; 124-суреттер; 6-кесте,3) және тік қылыш деп екі түрге бөлуге болады (33-сурет). Тік қылышты қазақтар семсер және сапы (шапы) деп атаған. Семсер екі жүзді болса, ал сапы қылыш сияқты бір жүзді.

Қылыш екі бөліктен: қолға ұстайтын бөлігі — саптан және кесетін бөлігі — болаттан тұрады. Сабы мен болатының түйісіндегі қосалқы бөлік — балдақ деп аталады. Ол — сап жақтан қолды, сырт жақтан басқа қаруды тіреп ұстауға арналған. Қазақ қылышы негізінде өте қарапайым болып келеді. Олардың сабы мен балдағы көбіне ағашпен, сүйекпен немесе мүйізбен қапталынып жасалынады. Ал, асыл тастармен және бағалы металдармен әшекейленген жақсы қылыштарды қазақтар Бұқарадан, Хиуадан, Самарқаннан, Қашқардан, Түрік және Парсы елдерінен алып отырған (Левшин, 1832, 49-52 бб.; Потто, 1877, 170 б). Олардың арасында, әсіресе, парсының “исфахан” (“наркескен”) қылышы өте жоғары бағаланған (Валиханов, 1961, 464 б.). Осындай жақсы қылыштар Түркістан шаһарында



41-сурет

да жасалған (Паромонов, 1872, 217 б.).

Қылышты салатын қапты қазақтар қынап деп атайды. Ол — ағаштан жасалынып, терімен, былғарымен немесе барқытпен қапталынады. Қынаптың сырты әдетте тұтастай ою-өрнектермен, кейде арасына темір, күміс жапсырмалар салып безендірілетін болған. Ол — белге немесе кісеге қылышбау арқылы тағылады (30—33; 37; 38; 39; 42; 43; 46; 47; 76-суреттер; 6-кесте, 3).



42-сурет

Балта. Қазақ петроглифтеріндегі ең көп кездесетін қарулардың бірі — балта. Ол — суреттерде көбіне екі түрлі жағдайда көрінеді. Бірінде ол салт атты сарбаздың қолындағы негізгі қару ретінде берілсе (14; 17-суреттер), екіншісінде — қару-жарақ түрлерімен бірге кездеседі (1; 20; 24; 26; 31; 32; 34; 35; 38-42; 44-46; 83; 101; 103; 107-суреттер; 6-кесте, 3).

Балта — бұл көнеден келе жатқан шабу қаруы. Ол негізгі екі бөліктен: шабуға арналған бөлік — бастан және қолға ұстайтын бөлік — саптан тұрады. Балтаның басы негізінде берік металдардан қалыпта құйылып істелінсе, ал сабы жергілікті жерлерде өсетін мықты ағаштардан жасалынады.

Суреттерден және мұражай коллекцияларынан біз қазақ балтасының бірнеше түрлі болып келетіндігін көреміз. Мәселен, сабының ұзын-қысқалығына қарай қазақ балтасын — ұзын, орташа және қысқа сапты деп үш түрге бөлсек (бұл жерде айта кететін бір жәйт: кейбір балталардың соның ішінде, әсіресе, айбалталардың сабы терімен немесе тұтастай металмен қапталынып, қолға ұстар жеріне бүлдіргі тағылса, кейбірінің түп жағы жұмырланып келеді немесе төмен қарай иіліп біткен) (1; 17; 39; 42-суреттер), ал басының формасына қарай төрт түрге топтастыруға болады. Оның біріншісі балтаны "айбалта" деп атауға негіз болған жалманы (балта басының

шабуға арналған бөлігі) жалпақ жарты ай сияқты дөңгеленген түрі (14; 17; 26; 32; 35; 38—40; 42; 46-суреттер). Айбалталар негізінде сыртқы жаулармен соғысқанда ғана қолданылады (Курылев, 1978, 46 б.; Қайдаров, 1973, 27 б. және т.б.). Екіншісі — жалманы жалпақ ағаш шабуға арналған тұрмыстық балталардың бір нұсқасы (20; 31; 41; 83; 102; 103-суреттер; 6-кесте, 3). Үшіншісі жалманы жіңішке сына тәрізді, яғни тұрмыстағы ағаш жарғыш балталар (1; 24; 45; 101; 107-суреттер). Жалманы сәл жалпақтау болып келген төртінші түрінің алдыңғы ұшы сүйір, артқы ұшы сағағына (басы мен сабының түйіскен жері) қарай жарты айдың бір басы сияқты иіліп біткен (34; 44; 101-сурет). Осы аталған балта түрлерінің кейбірінің шүйдесі (балта басының жалманға қарсы жағы) шығыңқы емес жатық болса, ал екінші бірінікі шығыңқы, яғни балға немесе сына формасында болып келеді (36; 45-суреттер).

Қазақ ұсталары тек қарапайым балталар ғана емес, сондай-ақ атақты батырлар мен бай адамдарға арнап басы да, сабы да неше түрлі ою-өрнектермен безендірілген күміс басты балталар жасаған. Оған мысал ретінде Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұражайы мен Санкт-Петербургтегі антропология және этнография мұражайының қорларындағы балталарды алуға болады.



43-сурет



44-сурет

Шоқпар (75-сурет). Шоқпар — бұл қоян-қолтық айқаста ұру, соғу арқылы қолданылатын қару. Ол негізінде екі бөліктен: ұруға арналған — бастан және қолға ұстайтын саптан тұрса, ал кейбірінің ("босмойын") жоғарыда аталған бөліктерді жалғастырып тұратын қосымша үшінші бөлігі — қайыс таспалары немесе шынжыр баулары болады.

Өткен ғасырларда сарбаз қару-жарағының ішінен ерекше орындардың бірін алған бұл қару — ауыз әдебиеті шығармалары мен мұражай коллекцияларынан



45-сурет



көріп жүргеніміздей, жасалған материалына, басының пішініне, салмағына, сабының ұзын-қысқалығына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Оның біріншісі — осы қаруды “шоқпар” деп атауға негіз болған түрі. Басы мен сабы тұтастай түбірлі ағаштан жасалған бұл шоқпарды қазақтар тек соғыста ғана емес, сондай-ақ барымтада да, жылқы баққанда да жиі пайдаланған.

Шоқпардың екінші түрі:

“Қорғасын, шойын құйдырған,
Темірден сабын қондырған,
Басына болат қаптаған,
Сабына темір саптаған
Берік болса гүрзісі —
Бес жүз батпан салмағы”, —

деген (Манас, 1961, 161 б.) жыр жолдарынан көріп отырғанымыздай, бастары қорғасын, шойын, болат сияқты металдардан құйылған темір сапты немесе темірмен қапталған ағаш сапты ауыр шоқпар — гүрзілер (күрзі, күрсі, гүрсі). Гүрзілер тек соғыста ғана қолданылған.

Шоқпардың үшінші түрі — басы алты, сегіз тілімді болып әртүрлі металдан және тастан жасалған жеңіл шоқпар — бұздығандар (бұздырған).

Ағашында қару есебінде қолданылған шоқпардың бұл түрі — кейіннен алтындалып, асыл тастармен әшекейленіп, әскербасының дәрежесін көрсететін белгіге айналып кеткен (Ахметжанов, 1996, 89 б.). Бұдан шығатын қорытынды: безендірілуі неғұрлым қымбатқа түссе, иесінің дәрежесі соғұрлым жоғары болғаны. Шоқпардың осы түріне асатаяқты да жатқызуға болады (47; 76-суреттер). Өкінішке орай, қазақ батырлары ұстаған бұздығандардың бізге жеткен үлгісі жоқтың қасы.

Қазақ шоқпарының төртінші түрі — босмойын деп аталатын дойыр шоқпарлар. Ағаштан, тастан және әртүрлі металдан жасалған “босмойынның” басы сабына қайыс таспалар немесе шынжыр баулар арқылы жалғанады.

Шоқпардың бесінші түрі — сойыл. Сойыл да ағаш шоқпар сияқты басы мен сабы тұтас болып түбірлі ағаштан жасалынады (Валиханов, 1961, 464 б.). Бірақ та, сойылдың басы шоқпардікіне қарағанда кішіректеу, ал сабы керісінше ұзындау болып келеді.

Сойылдың шоқпарлардан айырмашылығы сол, ол тек ауыл арасындағы барымта, төбелестерде ғана қолданылады. Яғни соғыста қолданылатын ер қаруының қатарына кірмейді.

Қанжар. Қазақ петроглифтерінде ер қаруының санына кірмейтін, бірақ та соғыста, аңшылықта және тұрмыста кеңінен қолданылатын бірқатар “суық” қарулардың бейнелері кездеседі. Сондай қарулардың бірі — қанжар. Қанжар жекпе-жек айқаста сүғу, кесу және шабу (шабатын қанжарлардың ұзындығы 25—30 см жоғары болады) арқылы қолданылатын қару.


Суреттерден және этнографиялық материалдардан көріп отырғанымыздай, қазақтар қолданған (пайдаланған) қанжарлардың дені — сабының соңы (жетесі) “шар” және “саңырауқұлақ” іспетті болып келген “кавказдық қанжарлар” (1; 30—32; 40; 42; 46; 47; 101-суреттер; 6-кесте,3) мен қыны да, сабы да асыл тастармен, бағалы металдармен әшекейленген “Хиуа қанжарлары” (Валиханов, 1961, 464 б.). Семсердің формасын түгелдей қайталаған, яғни екі жүзді, тік болып келген бұл қарудың жалпы ұзындығы 50 см аспайды.

Найза. “Далада кездесетін батырлар мен жігіттердің ептілігі сондай, олар найзаның ұшымен, денесіне ешқандай зақым келтірмей ондаған қарсыласын ат үстінен оп-оңай аударып тастайды” — дегендей (Маковецкий, 1886) қазақтардың ең көп қолданатын және жақсы игерген қаруларының бірі — найза.

Найза — бұл бетпе-бет айқаста түйреу арқылы қолданылатын қару түрі. Суреттерден және жазба деректерден біз қазақ найзасының екі түрлі — ұзын (1—3;



47-сурет




48-сурет

5; 12; 15; 16; 19; 42-суреттер) және қысқа (24а; 31; 32; 38; 45; 46; 76; 101-суреттер) сапты болып келетіндігін көреміз. Қысқа сапты найза "жыда" деп аталады. Сондай-ақ, найзаның "сүңгі" деп аталатын түрі де кездеседі.

Қазақ найзасы басқа да халықтардың найзасы сияқты екі бөліктен, яғни қолға ұстайтын ағаш бөлігі — саптан және түйреп, жарақат салатын темір бөлігі — бастан тұрады. Найза сабына негізінен қайың, қарағай, емен немесе жергілікті ағаш түрлері пайдаланылса, ал басы темірден, болаттан жасалынады. Оның екі қырлы, үш қырлы және төрт қырлы сияқты ұштары әдетте қысқа әрі жалпақ, ұзын әрі жіңішке болып келеді.

Деректерге сүйенсек, қазақ найзасының бас жағына, яғни ұшының сабына жалғанған жеріне әртүрлі дәреже белгілері ретінде — ту, байрақ, жалау, қыл (жібек) шашақтар тағылады (16-сурет). Соның ішінде: ту — қолбасының, байрақ — әскербасының; жалау — әскер бөліктерінің айыру белгілері болып саналса, ал шашақ — батырлар белгісі (Ахметжанов, 1996, 70 б.). Кейде шашақ орнына ұзынша келген өткір пышақша бекітілетін болған (45-сурет).

Найзаны жорықта алып жүргенде ыңғайлы болу үшін сабының орта тұсына және соңына қайыстан ілгектер байланатын. Оның орта тұсындағысы қолдың қырына киілсе, ал соңындағысы үзеңгідегі аяқтың басына ілінеді.




49-сурет

Сүңгі — бұл найзаның сауытты тесуге арналған түрі. Оның екі басы да жебелі болып келеді. Сондықтан айқаста сүңгінің екі басы бірдей қолданылады. Бастарындағы “жебесі” негізінде ұзын әрі жіңішке-үшкір болып келеді.

Жыда — найзаның лақтыруға арналған қасқа түрі. Оны көбіне жаяу әскерлер қолданған. Сондай-ақ, атты әскерлердің қолданғандығы жөнінде деректер бар. Сол деректердің бірінде мөлшелері 10—15 құлаштай қыл арқанның бір басы жыда сабының соңына, ал екінші басы сарбаздың аяғына байланады (Смоленский, 1873, 246 б.). Қыл арқанның бұлай байлануын былай түсіндіруге болады: біріншіден — сарбаз лақтырған сүңгісін қарсыласына немесе қайдай-да бір аңға тигізе алмай қалған жағдайда тез табу үшін қолданса, екіншіден — оны асығыс кетіп бара жатқанда аттан түсіп алмау үшін пайдаланған.

1.3. 2. АЛЫСТАН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАРУ ТҮРЛЕРІ

Жақ (садақ). Жақ — отты қару пайда болғанға дейінгі көшпелі халықтардың атты әскеріндегі ең негізгі қарулардың бірі. Сондықтан ол — осы халықтардың бейнелеу өнері мен эпикалық шығармаларында көрнекті орын алған.



50-сурет

тарамыстан немесе жібек жіптен өріліп жасалынып, бір ұшы адырнаның бір басына мықтап байланса, ал екінші ұшы тұзақ сияқты жасалынып екінші басына ілінеді.

Жақты тарта білу (ату) кім-көрінгеннің қолынан келе бермейді. Оны — өнердің бір түрі деп есептесек, ал саха (якут) халқында ол — бір жастан екінші бір жасқа өтуді білдіреді. Оны осы халықтың: “Бала, садақты үш рет ілсең (тартсаң), үлкен жігіт боласың,” — деген мақалынан байқауға болады (Ястремский, 1929, 181 б.). Ал қазақтарда садақ ату кең тараған ең бір қызық ойындардың бірі. А. Левшиннің айтуынша қазақтар садақты тек жерде қозғалмай тұрып атып қоймай, сондай-ақ аттың үстінде шауып келе жатып тарта білген. Кейбір мергендер алдынан жоғары қарай лақтырылған құлақшын мен жүзікті атып түсірген (Левшин, 1832, 120 б.).


Қазақ жағы — суреттерден, сондай-ақ этнографиялық материалдардан көріп жүргеніміздей негізінен күрделі немесе құрамалы (12; 31; 32; 35; 43; 48; 76; 101-суреттер) болып келеді. Сондай-ақ қарапайым жақтарды да кездестіруге болады (9; 24; 26; 41; 42 суреттер).

Жақ — екі бөліктен тұрады. Оның ату функциясын атқаратын бөлігі — адырна деп, ал оқты тіреп қоятын жібі — кіріс деп аталады. Адырнаның өзі үш бөліктен — қолға ұстайтын жері немесе ортасы — белден, иілген бөліктері — иіннен, кірісі байланатын екі ұшы бастан тұрады. Оның белі мен басы қозғалмайтын, қатты бөлігі де, ал иіні қозғалатын, серпінді бөлігі. Серпіні қатты болу үшін адырнаны кері жаққа иеді. Адырнаның әр бөлігі әр түрлі ағаштардан құралып жасалынып, сүйектермен қапталынып күшейтіледі. Мықты болу үшін қосылған жерлері тарамыспен тартылып, қайыспен буылады. Кірісі


Кейбір жазба деректерге қарағанда, қазақтарда жақ XIX ғ. 60- жылдарының соңына қарай қолданудан шығып қалған (Зеланд, 1885, 1—78 бб.).

Жебе (оқ). Суреттерде жебелер екі түрлі жағдайда берілген. Бірінде ол салт атты сарбаз қолындағы садақта және адырнасы тартылып, атылайын деп тұрғаны жақта бейнеленсе (9; 12; 31; 32; 35; 42; 48; 76; 103-суреттер), екіншісінде қорамсаның ішінде берілген (9; 24а-суреттер). Қазақ жебесі де басқа халықтардың жебелері сияқты екі бөліктен, яғни қадалатын бөлігі — жебе ұшынан және жебе ұшы бекітілетін бөлігі — саптан тұрады. Жебе ұшы негізінен темірден жасалынады, сондай-ақ сүйектен және мүйізден істелгендері де кездеседі.

Қазақ жебелерінің ұштары көне түрік дәуірі тайпаларының жебелерінің ұштары сияқты “екі қырлы”, “үш қырлы”, “төрт қырлы”, “көбе бұзар”, “қозы жауырын” және т.б. болып келеді. Ұшы “екі қырлы” болып келген жебе көбіне аң аулағанда қолданылса, “төрт қырлы”, “сауыт бұзар” деп аталатын түрлерінің қандай мақсатта қолданылатыны жебе атынан-ақ көрініп тұр.



51-сурет



52-сурет

Ал, жебенің “қозы жауырын” түрі қарсыласына ешқандай зақым келтірмей ат үстінен аударып түсіруге арналған (Валиханов, 1961, 466 б.).

Жебенің сабы (бұлы) негізінде талдан, тобылғыдан, қамыстан, кейде майыспайтын қатты болу үшін қайың ағашынан жонылып та жасалынады. Жебе ағашының соңына әдетте құс қауырсындары бекітіліп оның дұрыс ұшуын қамтамасыз етеді. Құс қауырсыны дегенде де кез келген құстың қауырсыны қолданыла бермейді. Оған тек “күшегеннің қойлық жүні” мен “тазқараның тайлақ жүні” ғана жарамды болып келеді (Валиханов, 1961, 466 б.).

Қорамса (қорамсақ). Қорамса — сонау көне замандардағы жақ пен жебені салып алып жүретін қап — гориттің және одан кейінгі кезеңдердегі қайыңның қабығынан түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау болып жасалған конус іспетті жебе қабы — “қалшынның” орнына келген ортағасырлық және “жаңа” замандағы сарбаздың жебелерді сақтап, алып жүруге арналған керек-жарағы (9; 12; 17; 24а; 26; 31; 41; 42-суреттер).

Суреттерде және мұражай коллекцияларында кездесетін қазақ қорамсағының түп жағы домаланып немесе сүйірленіп біткен, ал ауызы — кеңдеу болып келеді. Сондай-ақ түбі мен басы төртбұрышты болып келгені де кездеседі. Ол негізінде теріден, көннен және матадан жалпақ болып істелініп, сыртына әртүрлі ою-өрнектер салынады, кейбірде алтын, күміс жапсырма әшекейлермен безендірілетін болған.

Бейнелеу өнері материалдарында қорамсаның кейбір үлгілері екі қалталы болып келсе, ал кейбірінің сырт жағының орта тұсынан ойықтар ойылған (Ахметжанов, 1996, 18-сурет, 1—5). Бұлардың екеуі де қызметі әртүрлі жебелерді бөлек-бөлек салып алып жүру үшін арналған.

Қазақ қорымсағының алдыңғы немесе ауыз жағында қайыстан істелген екі бау болады. Осы баулар арқылы ол кісеге немесе арнайы жасалған садақбауға (26; 31; 41-суреттер) ауызы кейде артқа, кейде алға қаратылып оң жақтан тағылады.

Садаққап. Жақты салып алып жүретін қапты қазақтар садаққап деп атайды. Былғарыдан немесе көннен істелген қазақ садаққабының түбі — сүйірлеу, ал ауыз жағы — кеңдеу болып келеді, яғни иілген жақтың формасын қайталайды (49-сурет). Сырты қорамсаның сырты сияқты әртүрлі ою-өрнектермен, металл әшекейлермен безендірілген, ол кісеге немесе садақбауға сол жақтан тағылады.

Мылтық (бітелі мылтық, шиті мылтық). “Қару жыйсаң — мылтық жый, сүйенсең — таяғың, жесең — тамағың” демекші суреттерде көп кездесетін қарудың бірі садақтың орнына келген “сирақты” мылтық. Ол сарбаздың негізгі қаруы ретінде көбіне аң аулау сәтінде және ұрыс майданында бейнеленген (1; 2; 3; 10-суреттер). Сондай-ақ, оның бейнесін аң аулап жүрген кәсіпқой аңшының қолынан (55; 65-67; 71; 74; 75-суреттер), жартастардан (50-сурет), сағанатамдар мен сағаналардың қабырғаларына (34; 35; 42; 48; 83-суреттер), қошқартас (101-сурет) пен құлпытастарға (16; 26; 31;



53-cyper

32; 38; 41; 76-суреттер) және антропоморфты мүсіннің кеудесіне (24-сурет) қашалып салынған қару-жарақ түрлерінің арасынан да кездестіруге болады.

Қазақ мылтығы басқа да қару түрлері сияқты бірнеше бөліктерден: иыққа тірейтін бөлігі — дүмнен, оқ салатын бөлігі — оқпаннан (оқпанның қуыс тесігі — ұңғысы, оқ шығатын жері — ауызы деп аталынса, ал ауызының жоғарғы жағында қарауылы болады), оқпанды ұстап тұратын бөлігі — құндақтан (құндаққа оқпан темір құрсаулар арқылы бекітіледі), оттықтан (оттық — от беретін бөлшек құлақтан және оны қозғайтын тетік серіппеден (шүріппеден) тұрады) және мылтықты атқан кезде қозғалтпай ұстап тұратын сирақтан (сирақ құндаққа темір шеге арқылы бекітіледі) тұрады (Ахметжанов, 1997, 64 б.). Осылардың ішінде дүмі, құндағы және сирағы ағаштан істелінсе, ал қалған бөліктері темірден жасалынады.

Қазақтың көне мылтықтарының бірі — білтелі мылтық. Оның бұлай аталуының себебі:

“Мылтықтың оғы от алмас

Құлақтан дәрі тұтанбай”, —

дегендей (Хан Кене..., 1993, 31 б.) бұл мылтық түрі оқпандағы дәрі тұтанбай атылмайды. Дәрінің тұтануы құлаққа орналасқан шақпақтан от алған білте (мылтықтың дүмінде білте салып қоятын қалтасы болады) арқылы іске асырылады. Ал тұтанған дәрі оқпандағы оқтың ұшуын қамтамасыз етеді. Сондықтан халық оны білтелі мылтық деп атаған. Ауыз әдебиетімізге және жазба деректерге сүйенсек, қазақ мылтығының бірнеше түрлері болған. Мәселен, ауыз әдебиетімізде оқпанының қырының санына байланысты — “алты қырлы ақ берен”, құрсауының санына байланысты — “он екі құрсау айыр”, түсіне байланысты — “қара мылтық” деген түрлері көптеп кездессе, ал жазба деректерде қазақ мылтығының дені “самқал”, “көз кеш” (дәл тигіш) және “Құлдыр-Мамай” (алысқа ататын Мамай мылтығы) болып келеді (Валиханов, 1961, 466 б.). Қазақтар мылтықты жеті қазынаның біріне жатқызып, қастерлеп, көз тимесін деп тұмар байлаған (50-сурет).

1.3.3. ҚОРҒАНЫС ЖАРАҚТАРЫ

Батырлардың соғыста жеңіске жетуі үшін жоғарыда аталған қару түрлеріне қоса кеудені (сауыт, шарайна), басты (дуылға), қолды, аяқты (жеңсе, тізелік, балтырлық) қорғайтын қорғаныс жарақтары қажет екені көпшілікке мәлім.

Осы аталған қорғаныс жарақтарының қазақтың бейнелеу өнерінде кездесетіні тек — дуылғалар. Бірінде ол — дуылғаның скульптуралық дәл көшірмесі түрінде берілсе (24; 24а; 35; 51; 52-суреттер), ал екіншісінде салт атты сарбаздың басында бейнеленген (2; 13; 15; 48-суреттер).

Мұражай коллекцияларына, сондай-ақ ауыз әдебиетінің кейбір үлгілеріне сүйене

отырып, қазақ батырлары киген дуылғаларды сыртқы формасына байланысты төрт түрге бөлуге болады. Олардың біріншісі бөрік пішінді болып келеді. Төбесі дөңгелене келген, онша биік емес бұл дуылғалардың етегі дөңес қырмен бөлектеніп тұрады (24; 24а-суретер).

Дуылғаның екінші түрі қалпақ пішіндес. Әдетте бұл дуылғаның төбесі биік, үшкір не сопақ болады (2-сурет).

Тақия (телпек) пішінді болып келген дуылғаның үшінші түрінің төбесі аласа болғандықтан, ол — тек бастың үстіңгі жағын ғана жауып тұрады (50; 51-суреттер). Мұндай дуылға түрін көбіне басқа дуылғалардың астынан киеді (Винклер, 1992, 107 б.).

Дуылғаның төртінші түрінің пішіні күләпараға ұқсас. Төбесі онша биік емес бұл дуылға түрінің бөлек те, төбесімен тұтас та қылып жасалынған желкелік, құлақтық бөліктері болады.

Осы аталған дуылға түрлері жасауына байланысты өз ішінен “көбелі дуылға”, “құрама дуылға”, “тұтас дуылға”, “томағалы дуылға” болып бөлінеді.

Көбелі дуылға деп негізінен киіз, мата, теріден істелген бас киімге сүйек, металл тіліктері — көбелерді бір-бірін бастыра тігу арқылы жасалған дуылғаларды атайды.

Құрама дуылғалардың төбесі бірнеше темір бөліктерден (сайлардан) құралып жасалса (24; 24а-суреттер), ал тұтас дуылға деп металдан тұтастай соғылған дуылғаларды атайды. Бұл дуылғалардың жиегіне (бет жағынан өзге) кіреукеден мойын қорғағыштар бекітіледі.


Томағалы дуылға деп бетті жауып тұратын томағасы (маскасы) бар дуылғаларды атайды.

Осы аталған дуылға түрлерінің кейбірінің төбесінде жалау, қауырсын, қыл шашақ, т.б. әртүрлі арнайы белгілерді тағуға арнаған түтікшесі болса, ал енді бірінде мұрынды қорғау үшін дуылғаның маңдайынан көтеріліп, түсіп тұратын жебе темірі болады.



1- кесте

1.4. ҚАМШЫ — КӨШПЕЛІ МАЛШЫЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ҚОЛДАНАТЫН ЗАТЫ



2- кесте

Қазақ петроглифтеріндегі ең көп кездесетін бейнелердің бірі — салт адамның негізгі атрибуты болып табылатын қамшы.

Ол — суреттерде екі түрлі жағдайда (көріністе) кездеседі. Бірінде ол — құлпытастардың жақтауларына салынған қару-жарақ және аяқ киім түрлерімен бірге кездесе (47; 53-суреттер; 6-кесте,3), ал екіншісінде — салт аттының жабдығы ретінде көрінеді (1; 3; 10; 15; 18; 22-суреттер).

Қазақ қамшысы үш бөліктен — саптан, өрімнен және екеуін жалғастырып тұратын алақаннан тұрады. Қамшының сабы негізінде ағаштан, соның ішінде ырғайдан немесе тобылғыдан жасалынады (Валиханов, 1961, 463 б.; Арғынбаев, 1987, 33 б.). Оның қолға ұстайтын жері былғарымен қапталынып, соңына бүлдірге тағылады. Сондай-ақ сабы тау ешкі мен киіктің мүйіздерінен және еліктің сирағынан істелген қамшылар да кездеседі (Арғынбаев, 1987, 33 б.). Ал қамшы өріміне келсек, ол — ірі қараның терісінен

иленген қайыс таспалардан өріледі. Оны әртүрлі қылып өру үшін таспа санын 4-тен 32-ге дейін өзгертіп отырған.

Қазақ петроглифтерінде, сондай-ақ эпикалық жырларда қамшыға ерекше орын берілген. Онда ол көбіне қалыптан тыс ұлғайтылып көрсетіледі (3; 10; 15; 18; 22-суреттер). Мысалы, Тува халқының эпикалық жырындағы Алтай Бұұчай қамшысы 60 өгіздің терісінен өрілген. Оның 4 қатары — 4 жастағы, үш қатары — 3 жастағы өгіз терілерінен өрілсе, ал сабы алтыннан істелген (Липец, 1984, 81—82 бб.).

Қамшы — деректерге сүйенсек, өткен уақыттарда көшпелі малшының күнделікті қолданатын затынан басқа бірнеше функцияларды да атқарған. Олар: қатерлі қару, ғұрыптық-магиялық зат және т.б.

Қамшы — қатерлі қару. Қамшыны қару ретінде сонау көне заманнан, яғни б.з.д. I-мыңжылдықтың басынан б.з. XX ғасырының басына дейін қолданып келген. Оны археологиялық материалдар, мифтер мен аңыздар (скифтердің құлдармен қамшы арқылы шайқасқаны туралы аңызды еске түсірелік), батырлық жырлар мен этнографиялық материалдар (Валиханов, 1961, 5—10 бб.) дәлелдейді.

Қазақтарда және Еуразияның далалық белдеулерін мекендеген басқа да халықтарда қамшыны қару есебінде негізінен қылыш немесе семсер жұмсауға тұрмайтын қарсыласына, ат сайысында, аң аулағанда (Бабалқұлы, 1991, 32 б.), сондай-ақ “барымтада” қолданған.

Қару есебінде қолданылатын қамшыларға — дойыр, дырау, жыланбауыр және т.б. қамшы түрлері жатады. Олардың сабы салмақты, өрімі жуан және ұзындау болып келеді. Кейде өрімге темір талшығынан өзек салып та дайындаған.


Қамшыны қару ретінде қолдану кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Оны қару ретінде тек жауынан қорғана алатын не жайратып салатын адамдар — қамшыгер-батырлар ғана қолдана алады. Қамшыгерлік тума қабілет емес. Ол адам бойындағы тездік пен ептілік, дәлділік пен мергендік, өткірлік пен батылдық, қарулылық, қатты қолдылық пен сескенетін серттілік сияқты ішкі қасиеттермен ұштасып жататын мамандық (Бабалықұлы, 1991, 32 б.).

Қамшы — ғұрыптық-магиялық зат. Оның ғұрыптық-магиялық функциясы ең алдымен бақсылықпен байланысты. Олай дейтін себебіміз, қазақтар мен Орта Азияның басқа да халықтарындағы бақсылардың ғұрыптық заттарының құрамынан ерекше орындардың бірін қамшы алады (Басилов, 1992, 24—26 бб.; Мустафина, 1992, 132—134 бб.).


XVIII—XX ғғ. әртүрлі хабарлауларында қазақ бақсылары қобызды ойнай отырып, ауру адамның бойындағы жындар мен шайтанды тобылғыдан жасаған қамшымен ұрып қуатын болған (Андреев, 1796, 63 б.; Күстанаев, 1894, 45 б.; Мустафина, 1992, 132, 137 бб.).

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамында қамшының прагматикалық функциясынан, яғни күнделікті қолданылатын және символдық зат екенінен басқа белгілі бір жағдайда семиотикалық статусы болған. Ол — құда түсуде немесе сотқұқық практикасында және т.т. көрінеді. Оған мысал ретінде қазақтың мына бір салтын алуға болады. Бұл салт бойынша дау қуып келген адамдар қарсыластарымен кездескен кезде даулап келген істерін (жер дауы, жесір дауы т.б.) бірден шешу үшін алқалы ортаға қамшы тастайтын болған.

Қазақтарда қамшыға байланысты бұдан тыс көптеген ырым-салттар бар. Оған қамшыны жерге тастамау, егер жерде жатса аттамау, қамшының сабы сынса жамандыққа жору, адамдардағы кеселдерді, малдағы кейбір індеттерді қамшымен ұшықтау, қамшыны алақанымен (кей жерде бүлдіргесінен) ілмеу, қамшыны қанжығаға байламау, қамшыны босағаға ілмеу т.б. толып жатқан ырымдар мен тыйымдарды атауға болады. Соның бірінде сырттан келген адам, мейлі ол кім болсын (үй иесі мен мүшелерінен өзге) үйге кірерде қамшысын ат үстінде немесе үй сыртында қалдырып кіретін болған. Мақсатсыз болса да қамшымен үйге кірген адам ауыр сөгіс естиді, не айыпқа тартылады. Өйткені, қамшыны үйге алып кіру қазақтарда, сондай-ақ моңғолдарда бір пәленің басы деп саналады (Бабалықұлы, 1991, 32 б.). Сондай-ақ қазақтарда қамшы ілулі тұрған үйге шайтан кірмейді деген ұғым бар.




3- кесте



4- кесте

Ат әбзелі һәм ер қаруы ретінде ұсталатын қамшыға байланысты тілімізде қамшы үйіру, қамшы білеу, қамшымен жасқау, сипап қамшылау, батыра қамшылау, орап тарту, шықпырту, оса тарту, тіле тарту, баса тарту, көсіп жіберу, серпе тарту, көсите тарту, салып қалу, тартып қалу, сілтеп қалу, сондай-ақ теседі, сызады, осады, көгертеді, езеді, бөледі, сындырады, өлтіреді секілді атаулар бар. Бұдан қамшының қалай ұрылып, қаншалықты зардабы болатындығын көруге болады.

1.5. БЕЛБЕУ — ЕРЕКШЕ СИГНИФИКА



5- кесте


Қазақ петроглиф-теріндегі өте шеберлікпен берілген бейнелердің бірі — белбеу. Бедерлі және нобайлы техникалық әдістермен салынған ол суреттерде көбіне қару-жарақ түрлерімен бірге кездеседі.

Суреттерге және мұражай коллекцияларына сүйене отырып, қазақ белбеулерін сыртқы пішініне қарай үш түрлі топқа топтастыруға болады. Оның біріншісі — белбаудан және белбеу бастарынан тұрса (47; 53-суреттер; 1,1—6; 2,1-кестелер), ал екінші түрі жоғарыда аталған бөліктерден басқа белбауға жалғанған әр түрлі салпыншақ-сақиналары бар белбеу-белдіктер (2,2-5; 3,1-6-кестелер).

Белбеудің үшінші түрі — кіселер (26; 31; 40; 41; 113-суреттер; 4,1—6; 5,1—3; 6,1—4; 7,1—4-кестелер).

Белбеудің белбауы негізінде былғарыдан, әр түрлі матадан, өте сирек жағдайда топса іспетті болып металдан (1,6-кесте) істелініп, сырты түрлі (сопақ, текше немесе үстіне бедерлер салынған шеттері фигуралы) формадағы металл жапсырмалармен безендірілсе, ал бай белдіктер алтынмен апталған, күміспен күптелген ою-өрнектермен, асыл тастармен әшекейленген (Захарова, Ходжаева, 1964, 67 б.).

Белбеу басы — негізінде түрлі металдардан, сүйек-мүйіздерден жасалынады. Суреттерде, сондай-ақ мұражай коллекцияларында кездесетін қазақ белбеулерінің бастары үш түрлі болып келеді. Біріншісінің бастары — қапсырмалы (1,4-6-кесте)



6- кесте

болса, ал екіншісінің бір басы ілмек (47; 53-суреттер; 1,1-3; 2,1-5; 3,1-2; 4,1,3,6; 5,1-3; 6,1-3; 8,1-2-кестелер) іспетті болып келеді. Белбеу басының үшінші түрінің тілі (3,3-6; 4,5-кестелер) болады. Археологиялық деректерге сүйенсек, тілі бар белбеу бастары ілгекті белбеулерге қарағанда бұрын пайда болған. Оған б.з.д. II-мыңжылдықтың соңы мен I-мыңжылдықтың басындағы белбеудің қола бастары дәлел бола алады (Черников, 1960, 43; 46 бб.).


Белбеу — бұл адам баласының сонау көне замандардан күні бүгінге дейін пайдаланып келе жатқан бұйымдарының бірі.

Ол — археологиялық ескерткіштерден, мифтік және эпикалық шығармалардан, жазба деректер мен этнографиялық материалдардан көріп жүргеніміздей, ең алдымен өзінің “өмір” сүрген мәдени ортасына, содан соң белбауының жасалған материалына, оның түр-түсіне, жалпақ-жіңішкелігіне, әшекей үшін жапсырылған жапсырмаларының санына, оған пайдаланылған ма-

териалдардың әр түрлілігіне, қосалқы бөліктерінің бар-жоғына байланысты ерте замандардан бері бірқатар атрибуттар мен функцияларды атқарып келеді. Мәселен, мифологиялық және эпикалық шығармаларда (Манас, 1941, 48 б.; Калевала, 1977, 216 б.), сондай-ақ кейбір этнографиялық зерттеулерде (Тохтабаева, 1989, 287 б.; Левонян, 1977, 73 б.) ол (белге тағылған белбеу) — жаман күштерден қорғайтын магиялық күші бар *Дөңгелек-Кеңістік* түрінде көрінсе, ал жиі-жиі болып тұратын қақтығыстар мен соғыстарға толы әскери демократия кезеңінде сарбаз керек-жарағының ішінен ерекше орын алып, соғыс символы — қару атрибутына айналды.

Енді біз белбеу атқарған сол атрибуттар мен функцияларға қысқаша тоқталып өтелік.

Белбеу — билік атрибуты. Билік атрибутын көрсететін белбеу-белдіктерге негізінен ру ақсақалдары мен тайпа көсемдері, хандар мен патшалар таққан белбеу-белдіктер жатады. Әдетте мұндай белбеу-белдіктер алтынмен апталып, асыл тастармен безендіріліп жасалынады. Өйткені, алтын — көптеген халықтардың түсінігінде патша билігінің ең негізгі ассоциацияларының бірі (Литвинский, 1983, 35-36 б.б.; Лелеков, 1984, 39—41 б.б.). Оған орыс князі Дмитрий Донскойдың алтын белбеуі мысал болса (Арциховский, 1970, 204 б.), ал оның тікелей археологиялық көрсеткіші болып, Есік қорғанынан (б.з.д. V ғ.) табылған алтын киімді сақ ханзадасының белбеуі саналады (Акишев, 1978, 50 б., 68-сурет). Билік атрибутын көрсететін белбеуге сондай-ақ, қазақтың көбіне қызыл түсті болып, асыл тастармен безендірілген шоқ белбеуін жатқызуға болады. Өйткені, мұндай белбеуді — кейбір жазба деректерге сүйенсек, ертеде қазақ, қырғыз т.б. түркі халықтарында қызмет



7- кесте

дәрежесі үлкен, лауазымы жоғары, атақты адамдар ғана таққан.

Белбеу — соғыс символы. Соғыс символы — қару атрибутын көрсететін белбеулерге негізінен әр түрлі қару-жарақтар ілінген немесе тағылған белбеулер жатады (15; 26; 31; 40; 41; 113-суреттер; 4,1—6; 5,1—3; 6,1—4; 7,1—4; 8,1—2-кестелер).

Сондай белбеулердің бірі — кісе. Кісенің тіліміздегі алғашқы мағынасы — “қалта” болғандықтан, оны кейде қапталы белбеу деп те атайды (Гладышев, Муравин, 1851, 68 б.; Древнетюркский словарь, 1969, 310 б.; Валиханов, 1985, 39 б.). Себебі, кісе белдікке пышақ, оқ-дәрі, шақпақ тас және оның білтесін салатын — қын-қынаптарды іліп алып жүрген. Мұражай коллекцияларындағы кісе белдіктің ұзындығы 130-дан 200 см-ге дейін, көбінесе 150 см болса, ал ені 2,5-тен 9 см болып келеді (Захарова, Ходжаева, 1964, 67 б.).

Ертеректе тек батырлар, аңшылар және жол жүрген жолаушылар таққан кіселер XIX ғ. аяғы


— XX ғ. бас кезінде таза декоративті түрде қолданыла бастады.

Белбеу — сәндік бұйым. “Алтын кемер белге сән, ақылды жігіт елге тән” немесе “Кемер белбеу — бел сәні, кемелді жігіт — ел сәні” деп қазақ атамыз айтпақшы, белбеу сонау көне замандардан бері әшекей идеясын көрсетіп келе жатқан сәндік бұйымдардың бірі.

Кемер (кәмір) белбеу — жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерден көріп отырғанымыздай, сәндік үшін тағылатын белбеулердің бірі. Ол жалпақтығы екі-төрт елі болып келген барқыт таспаға күмістен және алтыннан ою орнатып жасалынады. Оны әйелдер де, ер адамдар да таққан.

Белбеу — айыру белгісі. Белбеу жоғарыда айтылған атрибуттардан басқа сонау көне замандардан бері айыру белгісі қызметін атқарып келеді. Мысалы, қазақтың салт-дәстүрі бойынша әкесі баласына 10—13 жасқа келгенде белдік сыйлайтын болған. Бұдан біз баланың кәмелетке келгендігін, яғни бір жас кезеңінен екінші бір жас кезеңіне өткендігін көрсек, ал Днестр өңірінің бой жеткен қыздары белдеріне түрлі-түсті матадан жасалған жалпақ белбеу, ал әйелдері жүн матадан істелген жіңішке белбеу таққан (Зеленчук, 1972, 82 б.). Бұл жерде белбеу иесінің үйленген-үйленбегендігін көрсетсе, ал батырлар таққан қалталы белбеу — кіселер мен алтынмен апталып, асыл тастармен безендірілген хандар мен патшалардың белбеулері иесінің әскери-әкімшілік иерархиядағы орны мен қызметін көрсетеді.

Көшпелілер басқа халықтарға қарағанда белбеуге ерекше мән беріп, қадірлеп, бағалы металдармен және асыл тастармен безендіретін болған. Өйткені, ол — В.Б.



8- кесте

Ковалевскаяның сөзімен айтқанда, олардың (көшпелілердің — авторлар) төлқұжаты (Ковалевская, 1969, 164—165 бб.) болса, ал астрахань қалмақтарында белбеусіз ер адамның халық алдында көрінуі әдепсіздік болып саналады (Житецкий, 1893, 12—13 бб.).

Белбеу жоғарыда аталған атрибуттар мен функциялардан басқа кез келген халықтың салт-дәстүрлерінде бірқатар ырымдармен тығыз байланысты.

Мысалы, Ресейдің Псков губерниясының қалыңдықтары үйлену тойларында барлық қонақтарға өзі жасаған белбеулерді сыйласа (Афанасьев, 1869, 437—438 бб.), ал молдаван шаруалары егін егер алдында болашақ егін бітік әрі биік шықсын деп өздерінің қызыл белбеулерін жоғары қарай (аспанға) лақтыратын болған (Зеленчук, 1972, 82 б.).

Қазақта, сондай-ақ мойнына кісе салу ырымдары бар. Сол ырымдардың бірінде мойынға кісе салу екі қабат әйелдің тез әрі жеңіл босануына, яғни болашақ нәрестенің дүниеге аман-есен келуіне байланысты қолданылса (Тохтабаева, 1989, 287 бб.), ал екінші бірінде біреудің қазасын естіртуге барғанда, яғни басқа түскен ауыртпашылық пен қиыншылық кезінде қолданған (Шойбеков, 1993, 18 б.). Қазақ қоғамында кісені сондай-ақ малға тағу әдеті де орын алған. Оған қазақтың мына бір ырымын мысалға алуға болады. Бұл ырым бойынша қазақтар бойына біткен төлін ағызып жібермесін деп бураға шөгірілген түйенің мойнына кісе салып, көшкенде немесе кіре тартқанда оған ешқандай ауыр жүк артпаған. Халық арасында мұндай түйелерді “кіселі түйе” деп атаған (Жанәбілов, 1982, 68 б.).

II. ЗООМОРФТЫ ОБРАЗДАР. АҢШЫЛЫҚ СЮЖЕТТЕРІ

Зооморфты образдар қазақ петроглифтерінде көбіне жылқы малына (жылқы жөнінде жоғарыда жан-жақтылы сөз болды) және “төрт түліктің” ең үлкені — түйе малына байланысты көріністерден тұрса, ал аңшылық сюжеттері — аң аулап жүрген салт атты сарбаз, тазы иттерін ертіп жүрген кәсіпқой жаяу аңшы және құсбегі образдарында берілген.

НАР ЖОЛЫНДА ЖҮК ҚАЛМАС. Қазақ петроглифтерінде кескінделген түйеге байланысты көріністердің ауқымы алуан түрлі. Олардың дені күш-көлікті, байлықты және де т.б. сюжеттерді құрағанымен (54—61-суреттер), арасынан ата-бабамыздың іс-әрекеттеріне арналған сюжеттерді де кездестіруге болады. Сондай көріністің бірінде бес адамның екі өркешті түйені (бура(?)) және жалғыз өркешті түйені (аруана(?)) шөгеріп жатқан іс-әрекеті бейнеленсе (62-сурет), ал екіншісінде ішінде ботасы бар аруана мен оны ұзын мұрындық жібі арқылы ұстап тұрған адам кескінделген (63-сурет). Бұл екі көрініс бір-бірімен тығыз байланысты. Олай дейтін себебіміз, алғашқы көріністен біз малды бағып-қағудың көптеген тәжірибесін жинақтаған ата-бабамыздың түйенің екі түрін шағылыстырайын деп жатқан сәтін




54-сурет

аңғарсақ, ал екіншісі сол іс-әрекеттің қорытындысы іспетті. Түйенің аталған өлке қазақтарының халық суреттерінде көптеп кездесуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер: түйе — сонау көне замандардан күні-бүгінге дейін Маңғыстау сияқты сусыз шөлдері мен құлазыған құмдары бір-біріне ұштаса араласып жатқан өлкелер мен аймақтардың күнделікті тұрмысында өте үлкен рөл атқарып келе жатқан үй жануары. Яғни, ол — жер бетіндегі шөлге және аштыққа ең шыдамды жануарлардың бірі. Сонымен қатар ол — мінсе, жүк артса және жексе — күш-көлік; сойса — ет; сауса — сүт, шұбат; жүнін қырқып, қажетіне жаратса — киім-кешек, көрпе-жастық. Міне осындай қасиеттерін бағалаған ата-бабаларымыз иір мойын, өркешті ойсылқараны айрықша қадірлеп, кие тұтқан. Қысылғанда пана, тарыққанда талғажу еткен. Оның “ақылымен” санасып, мінез-құлқына қарай іс қылған. Ыстық пен суыққа, аштық пен


шөлге төзімді түліктің мойымастығын дәріптеген халқымыз небір асыл азаматтарын “нар жігіт екен” деп мақтан тұтып, оның (түйенің) бойындағы нышан, белгі сипаттарды, түстер мен реңктерді түгелдей өнер тіліне көшіріп, арман-мақсаттарын соларды бейнелеу арқылы айшықты жеткізіп, образын наным-сенімдері мен аңыз-әңгімелеріне, сондай-ақ мақал-мәтелдеріне тиек еткен. Сол наным-сенімдер мен аңыз-әңгімелерді талдап, сұрыптар болсақ, түйекеш-түйе ел түсінігінде бірқатар функциялар мен символдарды атқарып, ырым-жораларға арқау болған. Енді сол функциялар мен символдарға, ырым-жораларға қысқаша тоқталайық.

Түйе — мықтылық пен алып күштің символы. Аңыз-әңгімелерге, этнографиялық материалдарға назар аударсақ, түйе түлігі — ең алдымен мықтылық пен алып күштің символы ретінде көрінеді. Оны қазақтың “Нар жолында жүк қалмас” деген мақалынан байқауға болады. Мәселен, сонау көне замандарда иран тілдес тайпалар оны жеңіс және найзағай құдайы “*Веретрагнага*” теңеп табынса, ал қазақтар нардай мықты күшті болсын деп жаңа туған балаларына Нарұл, Нарқыз, Нартай және т.б. есімдер берген.


Түйе — киелі жануар. Түйе — кешегі қазақтар мен Орта Азияның басқа да халықтарында болмыстан тыс жақсы қасиеттерге ие киелі үй жануары. Тіліміздегі “Түйелі бай — киелі бай” немесе “Түйелі жолаушы — киелі жолаушы” деген сөз



55-сурет




56-сурет



57-сурет

түйеге таңылып жеткізілетін болған. Бұл ғұрып XVIII ғасырдың екінші жартысында өмірден кеткен Қамысбай атына байланысты аңызда жақсы аңғарылады.

Қамысбай Төлекұлы деген ауқатты адам жаз жайлауға шығу үшін көш-керуен түзегенде, жол-жөнекей дүние салыпты. Руластары беделді адамды артта қалған алыстағы ата қауымға жерлегенді жөн көріп, өлікті түйеге артқан екен. Шіліңгір шілденің қапырық ыстығында өлік артқан түйе



58-сурет

орамдары осының айғағы. Мысалы, қазақтың мына бір наным-сенімі бойынша түйенің етін жеген науқас адам ауру-сырқаудан тез арада айығатын болған. Түлік төресі, шөл даланың кемесі атанған түйені кие санаудың келесі бір көрінісін қазақтың мына әдет-ғұрыпынан да байқауға болады. Бұл әдет-ғұрып бойынша жаугершілік замандарда мерт болған ерлердің, кенеттен тыс қайтыс болған беделді адамдардың денесі туған жерлеріне

“жол тағдырын нар шешкен,...” демекші жетекке көнбей тұрып алады. Бұйдасынан тарта-тарта мұрындығы жырылуға айналғанда әбден запы болған атан бақырып жатып қалады. Шөккен түйенің ырқына көнген көш мұны ырым етіп, малдың “ниетінен” қорқып, марқұмды кідірген жерге қабірге салады (Аргынбаев, 1975,196 б.; Байекев, 1991). Сол оқиға өткен Қарадөң бүгінде Қамысбай Ата қорымы аталады.

Осыған ұқсас аңыз XVII ғ. Жетісуда өмір сүрген қазақ батыры Райымбектің есімімен де тығыз байланысты. Бұл аңыз


бойынша Райымбектің мүрдесі ақ түйеге артылып, тоқтаған жеріне жерленген екен (Аргынбаев, 1975, 196 б.). Сол түйенің тоқтап, шөккен жері Алматыдағы қазіргі “Райымбек” даңғылының бойы. Ол жерде қазір күн нұрымен таласқан күмбез және “ақ түйенің” гранит тасынан қашалған мүсіні орнатылған.

Қазақтар түйе малын кие тұтып, ерекше қадірлегені сонша жаңа туған ботаны тіл-көзден сақтау үшін екі жеті бойы киіз үйдің ішінде немесе жабық қорада ұстап, бұйдасына (шекесіне) “үкі” таққан. Егер бөтен біреу кездейсоқта көріп қойса, онда оған сол арада “тіл-көзім тасқа” деген сөзді айтқыза отырып, үш рет түкірткізетін болған.


Белгілі этнограф Г.Н. Потаниннің айтуынша қазақтар сондай-ақ ересек түйелерге де ішінде 7 қара тасы бар үшбұрышты болып келген киіз тұмарлар таққан (Потанин, 1881, 100 б.). Қазақ салтында түйенің басынан ұруға немесе тебуге қатаң тыйым салынған. Егер де біреудің ұрып жатқанын көріп қойса, онда сол адамды дереу айыпқа тартқан.

Түйе — өніп-өрбу символы.


Түйе қазақтарда сонымен қатар өніп-өрбу ғұрпымен де тығыз байланысты. Оған халқымыздың мына бір наным-сенімдері айғақ бола алады. Бұл наным-сенімдердің бірінде екі қабат әйел түйе етін жеуден аулақ болған. Себебі, оның етін жеген әйелдің жүктілігі ұзаққа, яғни түйенікіндей 12 айға созылса, ал екіншісінде — босанатын уақыты созылып бара жатқан әйелдер тез әрі жеңіл босану үшін шөгіп жатқан түйенің мойнынан (матамен арнайы жабылған) аттап өтетін болған.




59-сурет



60-сурет



61-сурет



62-сурет


Түйе — ерекше құрбандық малы. Қазақтың ескі наным-сенімі бойынша түйе құрбандыққа өте сирек шалынатын түлік. Өйткені, түйе — халық ұғымында “киелі” саналып, ерекше құрмет көрсетілетіндіктен мынадай жағдайларда ғана құрбандыққа шалынған. Атап айтсақ олар: қауіпті жорық-сапарларға кеткендер алыс жолдардан аман-есен оралғанда; отбасында көптен күткен мұрагер дүниеге келгенде және басқа да қуанышты жағдайларда. Мәселен, алғашқысында егіз туған сүр бура құрбандыққа шалынса, ал соңғысында-ақ түйе. Ел арасындағы “Ақ түйенің қарны жарылды” деген қанатты сөз осыдан қалса керек. Бұл салт-дәстүр қазақтарда ХІХ ғ. соңына дейін өмір сүріп келген (Уәлиханов, 1985, 178—179 бб).

Түйені қазақ елі байлық басы деп білген. Сондықтан қазақтар “Түйе — байлық, қой — мырзалық, жылқы — сәндік” дейді.

XX ғ. басына дейін орын алып келген дәстүр бойынша үлкен ас пен тойда балуан күресінде бас бәйгеге әр уақытта бура берілген. Бұл да түйе малын құдірет деп танып, құрметтегендіктің белгісі.

Түйені қастерлеп, құрметтеудің көне магиялық іздері қолөнері бұйымдарынан да байқалады. Ол қазақтарда “Түйе табан” “Бота мойын” т.б. ою-өрнектермен белгілі.

Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыста көптің жүгін негізінен түйе көтереді. Сондықтан қазақтар “Нар жолында жүк қалмас” дейді.



63-сурет

ҚАН СОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА...

Аңшылық — бұл адам баласының ерте игерген кәсіптерінің бірі. Оған көненің көзі — археологиялық ескерткіштерді қазып зерттеу барысында табылған жабайы аңдардың сүйектері мен жартас беттеріне салынған суреттердің кейбір үлгілері дәлел бола алады. Қазақ петроглифтерінде кескінделген аңшылық сюжеттері өзінің мағынасы және құрамы жағынан алуан түрлі (2; 3; 9; 64—75-суреттер). Олардың арасынан “бес қаруын” түгел асынып аң аулау арқылы әскери өнерін одан әрі шыңдап жүрген салт атты сарбазды (2; 3; 9-суреттер), тазы иттердің көмегімен азық үшін аң аулап жүрген шиті мылтықты кәсіпқой аңшыларды (64; 65; 67; 71; 74; 75-суреттер) (бұл жерде айта кететін бір жәйт: кейбір көріністе аңшының өзі бейнеленбегенмен оның мылтығынан ұшқан оғы кескінделсе (68—70-суреттер), енді бірінде аңшы тек иттердің көмегімен аң аулап жүр (72-сурет) және “Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға”, — деп Абай жырлағандай қыран құспен бағалы терісі үшін түлкі немесе қарсақ аулап жүрген құсбегілерді (73-сурет) көруге болады. Алдыңғы көріністердегі аңшылардың аң аулайтын қаруы болып шиті немесе білтелі мылтық пен жебелі садақ бейнеленсе, ал аулап жүрген аңдары — киіктер, арқар мен тау текелер (64; 65; 67—75-суреттер) және дуадақ (66-сурет).


Осы сюжеттерден біз шаруашылығы малға негізделген қазақтардың қысы-жазы мал бағып, ат үстінде жүріп жартылай жауынгерлік өмір сүріп қана қоймай, қыран құс, құмай тазы ұстап, құсбегі — саяткер болғандығын көреміз.

Жазба деректерге сүйенсек, қазақтар бағалы терісі үшін бұлғын, суыр, түлкі, қарсақ; етін жеу үшін — арқар, елік, тау ешкі, киік қарақұйрық сияқты аңдар мен қаз, үйрек, кекілік, дуадақ, қырғауыл, шіл және т.б. halал етті құстарды; мал шаруашылығына келтіретін зияны үшін аю, қабылан, қасқыр сияқты жыртқыш аңдарды аулаған.


Қыран құспен аң аулау — сонау көне замандардан келе жатқан кәсіптердің бірі. Бұл кәсіп Орта Азия мен Қазақстан территориясын жайлаған халықтарда, соның ішінде, әсіресе, көшпелілер арасында кең тараған. Оның негізгі себебі көшпелі мал шаруашылығының бағыты болып саналады.

Тарихи-этнографиялық, сондай-ақ бірқатар фольклорлық материалдарға қарағанда қыран құспен аң аулау қазақтарда соңғы ортағасырлар дәуірінен басталады (Симаков, 1989, 30—31 б.).


Қазақтар қыран құспен негізінде ұсақ аңдар мен halал етті құстарды аулаған. Бірақ та кейбір деректерге сүйенсек, қазақтар қыран құс — қаршығаны, жабайы жылқыларды (Ефремов, 1786, 224 б.), сондай-ақ ақ бөкендер мен қарақұйрықтарды да аулауға пайдаланған (Симаков, 1989, 36 б.).




64-cyper




65-cyper




66-cyper




67-cyper




68-cyper




69-cyper




70-cyper



71-cyper



72-cyper



73-cyper



74-cyper



75-cyper

III. ҰСТА ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕРІ

Қазақ халқының өткендегі материалдық мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жете дамыған түрлі салаларының болғандығын көреміз. Сондай қолөнері салаларының бірі — ұсталық кәсібі болса, екіншісі — Ұлы мәдениетіміздің асқар бір шыңы — зергерлік өнері. Бұл өнер түрлері қазақ петроглифтерінде ұста құралдары және зергерлік өнерінің туындылары түрінде кескінделген.

СОМ ТЕМІРГЕ БАЛҒА БАР... Ұсталық кәсібі — сонау көне замандардан келе жатқан кәсіптердің бірі. Оның пайда болуы, дамуы темір, қалайы, мыс және т.б. металдарға байланысты десек, археологиялық материалдар сол металдардың қазақ даласында бірнеше мыңдаған, жүздеген жылдар бойында өндіріліп келгендігін көрсетіп отыр (Сәтбаев, 1941, 69.; Маргулан және басқалары, 1966, 22 б.; Маргулан, 1973, 7 б.).


Ұсталық кәсібі қазақ петроглифтерінде, дәлірек айтсақ, "Қарағашты-Әулие" қорымындағы бір-екі құлпытастың бетіне бедерлі техникалық әдіспен салынған шапқы, төс, қадаубас, балға, шеге істейтін қалып, қысқаш, қашау сияқты өндіріс құралдарымен және ұста қолынан шыққан сүңгі (найза), шиті мылтық, қайқы қылыш, жебелі садақ (жақ) т.б. қару түрлерімен берілген (76-сурет).

Осы суреттер жөнінде кейбір зерттеушілердің арасында қарама-қайшы пікірлер бар. Мәселен, М. Мендікүлов қару түрлерінің бейнесін дәстүрлі, құралдарды — құрылыстық десе (Мендикулов, 1987, 17 б.), ал В. Востров болса қайтыс болған адам "әскери" кәсібін қартайғанда ұстаға немесе зергерге алмастырған деген пікір айтады (Востров, 1959, 60 б.). Шындығында бұл жерде қарулар — дәстүрлі, құралдар — атрибуттық.


Деректерге сүйенсек, қазақ ұсталары өз құралдарын өздері істеп (Масанов, 1961), сол құралдар арқылы ауылшаруашылық заттары мен тұрмысқа қажетті бұйымдарды және қару-жарақ түрлерін жасаған.

Ұста құралдарын қолданылатын мақсаттарына байланысты — металдарды еріту және қыздыру процестерінде қолданылатын құралдар; ұрып-соғу құралдары; кесіп-тесу және қашау құралдары; егеу, қайрау құралдары т.т. деп топтастыруға болады.

Металдарды еріту және қыздыру процестерінде қолданылатын құралдарға — көрік, көсеу, ожау, қалып,



76-сурет



77-сурет

дәнекерлегіш, қысқаш т.б. жатады.

Көрік — металды еріту және қыздыру процесінде отқа жел беріп тұратын құрал. Ол — ешкінің немесе түйенің мойын терісінен жасалады.

Көсеу — ошақтағы көмірді жинақтап, көсеп отыратын темір құрал. Оны кейде үгіндірік деп те атайды.

Ожау — формасы ожау тәрізді қорғасын, темір ерітетін құрал. Ол негізінен балқу температурасы өте төмен металдардан жасалынады.

Қалып — ерітілген металдардан қалаған нұсқадағы заттарды (бұйымдарды) алу үшін темірден, тастан, сүйектен және күйдірілген балшықтан жасалған белгілі бір үлгідегі құрал.

Дәнекерлегіш — отқа қыздыру арқылы металдан жасалған заттардың жарылған жерлерін қалайының көмегімен жамайтын құрал.

Қысқаш — ерітіліп-суытылған және қыздырылған металдарды қысып ұстауға арналған құрал.

Ұрып-соғу құралдарына — балға төс т.б. жатады.

Балға — соғу арқылы металды өңдейтін, белгілі бір формаға келтіретін, түзететін құрал болса, ал төс — үстіне металды қойып соғуға арналған ағаш тұғыры (сандалы) бар құрал.

Кесіп-тесу және қашау құралдарына — шапқы, қадаубас, қашау т.т. жатады.

Шапқы — металды балғамен ұру арқылы кесетін өткір жүзді болаттан істелген құрал.

Қадаубас — әртүрлі металл заттарға балғамен ұру арқылы тесік салатын сүйір басты темір құрал.

Қашау — басы шапқы тәрізді болып келген, бірақ та бір жағынан қайралған ағаш сапты құрал. Ол — ағаш, тас өңдеуде ғана қолданылады.

Егеу; қайрау құралдарына — егеу, түрпі, қайрақтар жатады.

Егеу — темір заттарды егейтін тістері бар темір құрал. Түрпі — егеудің бір түрі. Бірақ та ол ағаш өңдеуде ғана қолданылады.

Қайрақ — металл заттардың жүзін қайрайтын тас құрал.

Этнографиялық материалдарға сүйенсек, ұсталар қыс кетіп, көктем келгенде дүкен (ұстахана) құратын. Сол күні дүкен иесі Дәуітке (Дәуіт- көптеген түркі халықтарында ұста-зергерлердің пірі болып саналады) бағыштап дұға оқып, бір малды құрбандыққа шалып, ырым қылатын. Бұл салт ел арасында "дүкен майлау" деп аталады (Сухарева, 1962, 192 б.).

Темір дүкені (ұстахана), ұсталық өнері, сондай-ақ ұста құралдары көптеген халықтарда қасиетті саналады. Мәселен, кейбір халықтарда ұстахана құдайға жалбарынып құлшылық қылатын орын болса, ал қазақтарда дүкеннен албасты қаша-

ды деген сенімнен туған ырым бойынша босанарда қиналып жатқан әйелдің жанына төс орнатып, оған қызған темірді соғатын болған. Көптеген түркі халықтарында сақталған ұста төсіне іліп сәлем беру осының айғағы болса керек (Шойбеков, 1993, 55 б.).

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ

Зергерлік өнері — ұлттық мәдениетіміздің тарихында ерекше орын алады. Ол — бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан — рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді.

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын бұйымдары болып көбінесе қыз-келіншектердің ажарын ашып, сұлу етіп көрсететін білекке салатын — білезік; саусаққа салатын — сақина, жүзік; өңірін қапсыратын — қапсырма; сыңғырлаған — шолпы; мойынға тағатын мінсіз — моншақ; құлаққа тағатын сәнді сырға; басқа киетін — сәукеле және т.б.

Сырға. Сырға — бұл қыз-келіншектердің құлаққа тағатын әшекей бұйымы (77; 78; 81-суреттер). Ерте замандарда сырғаны ер адамдар да таққан (Марғұлан, 1984, 15 б.).


Қазақ тұрмысында сырға тағудың, оны пайдаланудың әртүрлі этнографиялық мәні бар. Мәселен, бұрын ер баласы тұрмай жүрген немесе баланы өте кеш көрген ата-аналар ырым етіп қартайғанда көрген осы ұлымыз тұрсын, тіл-көзден, әртүрлі жаман күштерден аман болсын деген мақсатпен оны ұл емес қыз деп құлағына сырға тағып қоятын болған. Баланың буыны бекіп ер жете бастағанда ғана оны құлағынан шешіп алған. Ел арасында мұндай ғұрып ХХ ғ. басына дейін сақталып (Карутц, 1910, 138—139 бб.), тіпті сирек те болса ХХ ғ. 40—50 жж. дейін кездесіп қалатын (Шойбеков, 1993, 20 б.).

Ертеде — қыздың басы бос атастырылмаған болса керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ немесе жолаушы ілулі тұрған сырғаны көрсе “бұл үйдің бой жетіп келе жатқан не бойжетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен” деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдалыққа ұласып жататын (Ертөстік, 1989, 9 б.).

Білезік. Білезік — әуелде сүйек, тас тізбегінен кейіннен мыс, алтын, күмістерден жасалған сәндік бұйым (77; 78; 81-суреттер).



78-сурет



79-сурет

Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек, білезік осы күнгідей тек қолға емес, аяққа да салынған (Маргулан және басқалары, 1966, 143 б.). Оған қазақтың мына бір әдет-ғұрпы дәлел бола алады. Бұл әдет-ғұрып бойынша бұрын баласы тұрмай жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына “Темірдей мықты болсын” деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салған. Қазақтар сонымен қатар ертеден-ақ өзі жақсы көретін немесе қорқатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін заттарды, жан-жануарларды білезіктерінің сыртына бейнелеп отырған.

Қазақ салтында білезік сәукеле және т.б. бұйымдар сияқты қыз жасауының құрамына кірген, баланы бесікке салғандарға сақина, жүзік, көйлектік маталармен бірге білезік берген. Қыз ұзату тойында өлең айтқан жігіттерге қыздар білезік сыйлаған. Кейбір деректерде сал-серілердің әрі әшекей, әрі тұмар ретінде мінген аттарының екі аяғына күміс білезік салатындығы айтылады (Әзірбаев, 1969, 102 б.). Оны қазақтар шұжық білезік деп атайды.

Шашбау — бұл да ертеден келе жатқан шашқа бекітетін (тағатын) сәндік бұйым (77-сурет). Шашбау көбінесе күмістен қақталып соғылады да, ұшына күміс теңгелерден шұбыртпа зер шашақтар тағылады.

Шашбау жасалған материалына қарай алтын шашбау, күміс шашбау, тілла шашбау деп аталса, жасалу, әшекейлеу әдістеріне қарай үзбелі шашбау, шашақты шашбау т.б. түрде айтылады.

Маңқыстау қазақтарының салты бойынша ертеде әйелдер шашына түйенің қара шудасын қосып өретін болған. Осылай өрілген шашты “желемек” деп атаған. Түрікмен тілінде желемек — шашқа тағылатын күміс әшекей (Аразкулыев және басқалары, 1977, 85 б.).

Алқа — мойынға, кеудеге (омырауға) сәндікке тағатын әшекей. Ол кейде моншақтап тізілген асыл тастардан, кейде алтын күмістен соғылып, бетіне асыл тас(тар) қондырылып, ою-өрнектелініп, салпыншақты етіп жасалынады (77-81 — суреттер).

Кей жерде алқа — қыздардың мойнынан бастап төсін жауып тұратын алжапқышқа ұқсас

дөңгеленіңкіреп келген киімі. Мойынның арт жағынан күміс түймемен түймеленетін бұл алқа кейде “шалғыш алқа” деп аталады (Шойбеков, 1993, 26 б.).


Алқа әдеби тілде алтын алқа, күміс алқа түрінде аталса, жергілікті тілде әйкел, көкірекше, қаза, өңіржиек, омырауша т.б. атаулары кездеседі.

Ертеректе қазақтар әйкелді тіл-көз тимесін деп қадірлейтін малына да, әсіресе, жүйрік аттардың мойнына, маңдайына таққан. Ол — әйкел-тұрман деп аталады (Шойбеков, 1993, 29 б.).

Сәукеле (82-сурет). Сәукеле — ұзатылған қыздардың бас киімі. Қыз оны ұзатылғанда күйеу еліне киіп барады. Арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырыған матадан конус іспетті болып жасалған оның сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шұға) қапталып, шетіне құндыз, кәмшат терісінен жұрын ұсталады. Сәукеле төбесінің (үш қарыс шамасы) өн бойына алтын, күміс және меруерт, маржаннан әшекей тағылып, алтын, жібек жіппен кестеленеді. Сәукеленің арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ, бет жақтауы және арт құлағы (белге дейін) болады. Сәукеленің төбесіне жібектен желек (берген) тағылып, оған үкі (қарқара) қадалады, сыртында ұзын (жерге жететін) ақ жібек жаулығы болады.

Осы жерде айта кететін бір жәйт: жоғарыда аталған зергерлік өнерінің туындылары негізінен Қыз Жібек сияқты асқан сұлулар мен ардақты аналар қабірінің басына тұрғызылған антропоморфты тас мүсін — құлпытастардың жақтауларына кескінделген (7—82-суреттер).

Бұл жерде олар: бір жағынан — иесінің шыққан тегін, жас мөлшерін, қай руға, тайпаға жататынын көрсететін белгі қызметін атқарса, екінші жағынан жаман күштерден қорғайтын — “тұмар” есебінде салынса керек. Себебі, зергерлік бұйымдар о баста тұмар қызметін атқарған. Оған ел арасындағы “көз моншақ”, “үкіаяқ”, “жыланбас” т.б. әшекей бұйымдар айғақ бола алады.



80-сурет



81-сүрөт




82-сүрөт

IV. ҚАТЫНАС-ТАСЫМАЛ КӨЛІКТЕРІ


Қазақ петроглифтерінің ерекше тобын жалпы бейнелеу өнерінде өте сирек кездесетін бейнелердің бірі — қатынас-тасымал көліктері құрайды. Олар қазақ петроглифтерінде су көлігі — қайық-кемелер және құрлық көлігі — арбалар бейнесінде берілген.

ҚАЙЫҚТАР. КЕМЕЛЕР. Қайық-кемелер сонау бағзы замандардан бері адамзат өмірінде өте үлкен рөл атқарып келе жатқан көлік түрі. Оны адамдар қатынас, тасымал құралы және өзен-көлдерден су жәндіктерін аулау үшін пайдаланған.


Қазақ петроглифтерінде кездесетін теңіз көлігі суреттерде көшпелі қазақ тұрмысына жат қайықтар мен екі, үш, төрт мачталы желкенді кемелер түрінде берілген (56; 83—87; 90-суреттер). Жекелей де және бірінің артынан бірі жүзіп келе жатқан олар негізінен теңізге жақын орналасқан қорымдардағы мазар (мысалға, Түпқараған түбегіндегі Төлекбай мазары), сағанатам (және Үстірттегі Бесбұлақ қорымының сағанатамдары) сияқты қайтыс болған адамның басына тұрғызылған ескерткіш-құрылыстардың қабырғаларына салынған. Бұдан біз қайтыс болған адамның тірі кезінде теңізде жүзіп, бір жағынан балық және т.б. теңіз жәндіктерін аулағанын көрсек, екінші жағынан, кемелерді тонап, қарақшылық кәсіппен айналысқанын көреміз. Соңғысы туралы XIX ғ. өмір сүрген орыс саяхатшысы Г. С. Карелин




83-сурет




84-супер



85-супер



86-cyper




87-cyper

өзінің “Путешествия по Каспийскому морю” атты еңбегінде жазған (Карелин, 1883, 154 б.).


АРБАЛАР. Арба — жол жүруге, жүк тасуға, сондай-ақ уақытша жылжымалы тұрғын жай ретінде пайдалануға арналған көлік түрі.

Б. з. д. III- пайда болып, алғашында тек әскери көлік ретінде қолданылған дөңгелекті көлік — арбалардың (Чайлд, 1956; Новоженев, 1994 және т. б.) Қазақстан территориясындағы ең көне бейнесі б. з. д. II-мыңжылдықтың бірінші жартысына жатады (Самашев, 1992, 145—151 бб.).


Қазақ петроглифтерінде арбаның екі түрі берілген. Біріншісі адам тасымалдайтын екі дөңгелекті (88; 89-суреттер) болса, ал екіншісі төрт дөңгелекті жүк көлігі (90-сурет). Олар суреттерде екі түрлі жағдайда: жобада (үстінен) (88-сурет) және қырын пішінде кескінделген (89; 90-суреттер). Осы суреттердегі арбаларға жегілген жануар — жылқы. Арба айдаушы адамдар қос дөңгелекті арбада жегілген жылқылардың үстінде бейнеленсе, ал төрт дөңгелектіде адам арбаның алдыңғы жағында отыр.



88-сурет



89-cyper



90-cyper

V. СИМВОЛДАР ЖӘНЕ КУЛЬТТИК БЕЙНЕЛЕР

Қазақтың этнографиялық суреттерінде кескінделген символдар негізінен ру таңбалары мен таңбаға ұқсас белгілер түрінде, ал культтік бейнелер ислам әлеміне тән — мешіт (93; 94-сурет), ашық алақан (пенже), таспих сияқты бейнелермен берілген.

ТАҢБА. Қазақ петроглифтерінде ең көп кездесетін бейнелердің бірі — таңба және таңбаға ұқсас белгілер. Ескерткіш мәтінінің ең көне элементтерінің бірі болып табылатын олар қабір үсті ескерткіштерінің барлық түрінде кездеседі (20; 24а; 42; 98-суреттер). Сондай-ақ үлкен кесек тастар мен жартастарға салынғандары да бар (91; 92-суреттер).

Таңба — ескерткіштер мәтінінің ең көне элементтерінің бірі. Ол — “белгі”, “мөр” деген мағынаны білдіреді. XIII-XV ғғ. монғол-татар шапқыншылығының кезінде бұл термин Орта Азияның, Таяу және Орта Шығыстың, Кавказ бен Закавказьенің жаулап алынған елдерінде кеңінен таралып, бұрынғы мағынасына қоса — “ханның мөрі қойылған құжат”, “салық” сияқты жаңа маңызға ие болды.

Формасы жағынан таңбаға ұқсас белгілер Қазақстан территориясында б.з.д. I-мыңжылдықта белгілі бола бастады. Оларды ғұыптық-мемориалдық ескерткіштерге (Самашев, Ольховский, 1996, 218—234 бб.; Ольховский, Самашев, 2000, 376—377 бб.), құрылыстық заттарға (кірпіш), сондай-ақ әртүрлі мақсатта пайдаланатын жеклеген керамикалық және металл ыдыстарға салып отырған (Байпаков, Подушкин, 1989; Смагулов, 1979). Қазақ петроглифтерінде кездесетін сондай белгілердің бірі Форт-Шевченкодағы мұражайдың ауласындағы үлкен кесек тасқа қашалған таңбалардың арасында да бар. Бірінің ішіне бірі салынып, бұрыштары жалғанған төртбұрышты бұл бейнені ғылымда “вавилон” деп атайды (92-сурет).

Орта ғасырларда қалыптасқан қазақ таңбаларының жүйесі бүгінге дейін тек жерлеу ескерткіштеріндегі бейнелері мен үй жануарларын, әсіресе, жылқыларды таңбалаудың арқасында сақталып келеді. Деректерге сүйенсек, жылқыларды таңбалау көне заманнан, яғни “Тан империясы кезінде жылқыларды таңбалаудан” белгілі (Зуев, 1960, 6—16 бб.).

Қазақ петроглифтерінде кескінделген таңбалар негізінен Кіші жүз руларының, соның ішінде: адай, табын, беріш, кете, шөмекей, тарақты және т.б. таңбалары болып келеді.

Қазақ петроглифтерінде кездесетін таңбалар канондық негізін сақтай отырып, кейбір жерлерде декоративтік қызмет атқарған (24, 24а-суреттер).

АШЫҚ АЛАҚАН. Ашық алақан (пенже) символы — шейттердің арасында кең таралған таңба. Кейбір болжам бойынша бес саусақ Хусейіннің ту ұстаушысы болып, соның ісі үшін шейіт болған Аббастың шабылған қолының символы




91-cyper



92-cyper



93-cyper



94-cyper

(Марр, 1970, 354 б.) болса, ал екінші бірінде ол Алидің қолы. Ондағы бес саусақ — шейіттік (исламдық) “бестік”: Мұхамед, Али, Фатима, Хасан және Хусейін (Кисляков, 1970, 10 б.).

Алақанның бейнесі сонымен қатар бақыт әкелетін — сопылық тұмар, қасиетті жерлерді жаман күштер — діни-мифологиялық персонаждар — шайтан, пері және т.б. қорғайтын тұмар ретінде түсіндіріледі.


Қазақ петроглифтерінде кескінделген ашық алақанның бейнелері де осындай тұрғыдан салынса керек. Себебі, олар — негізінен мешіт сияқты құдайға сиынатын орындар (95-сурет) мен қайтыс болған адамдардың басына тұрғызылған мазарлардың қабырғаларына (12; 54; 96—98-суреттер), сондай-ақ антропоморфты тас мүсін-құлпытастардың жақтауларына (76-сурет) салынған.

Деректерге сүйенсек, оның бейнесі әулетке берілгендіктің белгісі қызметін атқарған (Мирабаев, 1995, 128—129 бб.). Кейбір зерттеушілер Орта Азиядағы қолға табынуды көне заманнан келе жатқан адамзаттың күдіретімен байланыстырады. Ашық алақанға байланысты басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Фатима (Мұхаммед пайғамбардың қызы) алақанының бейнесі — Солтүстік Африка мұсылмандарында кеңінен дәстүрлі болса (Путинцева, 1973, 32 б.), ал оңтүстік Түркіменстанның тұрғын үйлерінің фасадынан пір тұтатын адам қолының символдық бейнесін кездестіруге болады (Якубовский, 1932, 10 б.).


Осы антропоморфтық белгі-символды мыңдаған жылдық дәстүрмен есептелетін көне тұрғысынан түсіндірер болсақ, саусақ бейнелері магиямен байланысты және кейбірде адамның бет-пішінін “алмастырады”.




95-сурет



96-cyper



97-cyper



98-cyper

VI. ҚОШҚАРТАС — ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАБІР ҮСТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ

XX ғ. бас кезіне дейінгі аралықты қамтитын қошқар (99—101; 119-суреттер) мен архардың осы өңірдегі түрі — муфлон (102—116-суреттер) бейнелеріндегі зооморфты бұл тас мүсіндер — аталмыш өңірлер қазақтарының зираттарында бірен-саран кездесетін қабір үсті ескерткіштерінің ерекше түрі. Қабір үсті құрылысын қошқар мүсіні түрінде тұрғызу сонау көне замандарда тек Ашина әулетінен шыққан билеуші ақсүйектердің өкілдеріне ғана тән болған.

Өз бастауын сонау көне түрік заманынан (Борисенко, Худяков, 1999, 4—22 бб.; Войтов, 1987, 99 б.; 1996, 97—99 бб.) алатын (9-кесте), халық арасында “қошқартастас” деп аталатын бұл тас мүсіндер өздерінің скульптуралық өңделу дәрежесіне және безендірілуіне қарай әртүрлі болып келеді.


Қолымызда бар материалдарды сұрыптап, шартты түрде топ-топқа бөлсек, олардың біріншісі — тас қашау өнерінің ең бір озық үлгісі болып табылатын мүсіндер. Оған Үстірттегі “Қособа” қорымының (Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы) қошқартастарын жатқызуға болады. Жергілікті қой тұқымы — еділбайдың экстерьерін нақтылы түрде қайталайтын бұл мүсіндердің бірі — аяқтарын нық басып тұрған кейіпте бейнеленсе (101; 102-суреттер), екіншісі — көз алдымызға аяқтарын бүгіп жатқан қой түлігін елестетеді (103-сурет). Тұғырымен бірге қашалған бұл қошқартастас түрлерінің бір ерекшелігі сол, олардың



өн-бойы түгелімен рельефті болып келген “қошқар мүйіз”, “түйе табан” түріндегі зооморфты және өсімдік тектес ою-өрнектермен көмкерілген. Соның ішінде аяқтарын нық басып тұрған қошқартастардың бірінің төсіне тақау сол жақ бүйіріне аттың рельефті бейнесі; жануардың арт жағына ішкі бастары жоғары қаратылған бір-ақ та бір-бірімен түйіспейтін сонау қола дәуіріндегі “бұғытастарға” тән ішкі кеңістігі қарама-


99-сурет

қарсы немесе параллельді сынық сызықтармен безендірілген трапеция тектес түрдегі өрнектер; тегене құйрығының орта тұсына құмалақтайтын жері нақтылы түрде ойылып салынса (99-сурет), ал аяғын бүгіп жатқан қошқарды елестететін келесі мүсіннің оң жақ бүйіріне, яғни алдыңғы аяғы мен артқы сандарының арасына жебелі садақ, қайқы қылыш, сүңгі, балта, қанжар, шиті мылтық, сияқты қару түрлері мен аттың рельефті бейнелері қашалып, алдыңғы аяғына балтаның бейнесі контурлы техникамен салынған (101-сурет).



100-сурет

Қошқартастың екінші түрі — бұл да тас қашау өнерінің ең бір ерекше озық үлгісі болып табылатын тас мүсіндер. Бұл мүсіндерді кейде "архартас" деп те атайды. Өйткені, бұл мүсіндерде архардың осы өңірдегі түрі — муфлон-



101-сурет



102-сурет

ноқатты өрнектер салынып (102; 112-суреттер), араб әліпбиімен эпитафиялар жазылса (102; 111-суреттер), енді бірінің үстінде ешқандай жазу-сызулар болмайды (105—106; 108—110-суреттер).

Қошқартастың үшінші түрі — тұлғасының нобайына қарағанда аяқтарын нық басып тұрған қошқарды (муфлонды) көз алдымызға елестететін мүсіндердің бірі (114-сурет). Тұғырымен бірге қашалып жасалған бұл мүсінде образ негізінен қой түлігінің ай мүйізі мен тұмсығын, көзін нақтылап бейнелеу арқылы көрсетілген. Шеттері бедерлі болып келген осы мүсіннің оң жақ бүйіріне құйрығы күзелген (немесе түйілген) жайдақ атты жетелеп бара жатқан адамның рельефті техникамен қашалып салынған бейнесі анық көрінеді, ал аттың үстіңгі жағында араб әліпбиімен жазылған эпитафия орналасқан. Артқы бедерде көлденеңінен сызылып салынған қос әліптің бейнесі; үш сатылы тұғырдың үстіңгі екі сатысының жақтауларында үшбұрышты болып келген ойықша бейнелер бар.

Қошқартастың төртінші тобына — мәнерлеу әдісі мен түрі жағынан "қойтас" пен "қошқартастың" арасындағы, яғни өтпелі сатыдағы тас мүсіндер. Сондай мүсіндердің бірі "Ақшора" қорымындағы (Маңғыстау облысы Түпқарған ауданы) үш сатылы өңделген тұғырдың үстіне орнатылған қошқартас. Алдынан тура қарағанда жайын балықты елестететін бұл мүсін — аяқтарын бауырына бүгіп жатқан архардың бейнесі. Мүсіннің үшбұрышты болып келген шолақ тұмсығының алдыңғы жағында ашылып тұрған аузы мен танауының екі

ның көптеген белгілері, атап айтсақ: басы, жарты ай сияқты иіліп келген мүйіздері, күжірейген әукесі, бұлшық етті аяқтары, тұяқтары, шолақ құйрығы, ұмасы, жалпы дене бітімі өте дәл нақтылы реалистік тұрғыда қашалып берілген (102—113-суреттер). Қошқартастың бұл түрінің кейбіріне балта, қайқы қылыш сияқты қарулардың (102—04; 107-суреттер), қоржынның (103-сурет), кісе белдіктің (113-сурет) бейнелері, сынық сызықты

тесігі, үстіңгі екі жақ қапталына қарашығы бар сопақша болып келген көздері бейнеленсе, төбесінде араб әліпбиімен жазылған эпитафия, ай пішінді мүйіздер мен ортасында тілгі бар құлақтар кескінделген (115-сурет). Қошқартастың осы тобына сондай-ақ, осы ауданның территориясында орналасқан "Қалипан" атты қорымдағы мүсінді де жатқызуға болады (116-сурет). Астындағы тұғырымен бірге қашалған бұл мүсінде көз алдымызға аяқтарын бүгіп жатқан қошқарды елестетеді. Үш сатылы болып келген тұғырдың үстіңгі жағындағы көлденең орналасқан бедердің алдыңғы және артқы жақтары қошқар мүйіз өрнегіне ұласқан. Ай пішінді мүйіздермен көмкерілген басы мен төсінің тұсындағы қошқар мүйізді бедерлі өрнектің ортасына араб әліпбиімен эпитафия жазылған.



103-сурет

Қошқартастың бесінші түрі — стилизацияның белгілі деңгейіне жеткен зооморфтық ескерткішінің бір түрі — "қойтасқа" (бірақ қой түлігінің нышаны аздау, көлемді) бірсыпыра жақын мүсіндер. Бұндай мүсіндерде жануардың басы (117-сурет) мен мүйіздері (118-сурет) ғана бейнеленеді. Қошқартастың ең қарапайым түрі болып саналатын осындай ескерткіштердің үсті әдетте эпитафиялармен және таңбалармен ғана безендіріледі. Сондай мүсіндердің бірі — 118-суреттегі қошқартастас. Бұл мүсіннің бас жақ жақтауында араб әліпбиімен жазылған эпитафия мен көптеген қазақ руларына тән + түріндегі таңба бар.

Қошқартастың алтыншы түріне — стилизацияның жоғарғы шегіне жетіп, жануардың тек алыс нышанын ғана байқататын мүсіндер. Солардың бірі — жоғарғы екі басы шығыңқы болып келген мүсін (119-сурет). Тұғырымен бірге қашалған бұл мүсіннің орта тұсында үсті сынық сызық түріндегі өрнектермен безендірілген екі қатар — тік, көлденең және бір ұштары төмен қаратылып түйіскен рельефті бедерлерден құралған үшбұрышты геометриялық өрнектер бар. Суретке мән бере қарасақ, шығыңқы бастарының сол жағы — қошқардың басын, оң жағы — тегене құйрығын, екі қатарлы болып келген рельефті



104-сурет

Енді біз осы қошқартастарды қазақтардың қабір үстіне қандай себептермен және кімдердің басына қойғандығына жауап бермес бұрын қой түлігіне қысқаша тоқталып өтейік.

Қой малы — бұл сонау көне замандардан күні-бүгінге дейін адамзат баласының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өте үлкен рөл атқарып келе жатқан “төрт түліктің” бірі. Ол: қуаныш, байлық, көшпелілер тіршілігінің жүйке тамыры, күллі ішіп-жемі мен күн көрісі. Міне, осындай қасиеттерін бағалаған ата-бабаларымыз, соның ішінде, әсіресе, қазақтар оған ерекше құрмет көрсетіп, “Мал өсірсең — қой өсір, Өнімі оның көл-көсір” деп тақпақтап, образын әдет-ғұрыптарына, мақал-мәтелдеріне тиек етіп, әртүрлі аңыз-әңгімелер шығарған. Бұлардың кейбірі тарихи шындықтармен үйлесіп жатса, енді бірі исламға немесе көне діни табынушылық пен сенімге негізделген. Мысалы, мына бір аңызда қойдың — Көк (аспан) пен Оттан жаратылғандығы сөз болса (Потанин, 1881, 152—153 бб.), ал екіншісінде:

“Ай мүйізі шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер.

Шопан ата баласы,
Қойлар бассын үйіңді,
Қойлар бассын үйіңді,
Қоймай бассын үйіңді”, —

деп халық айтпақшы, оның иесі, пірі болып — Шопан Ата айтылады (Потанин, 1888, 32 б.). Шопан Ата атына байланысты Қазақстанда және Орта Азияда

бедерлерінің тіктері — алдыңғы аяқтары мен артқы сандарын, көлденеңдері — бауырын көз алдымызға елестетеді.

Қошқартастың осы түріне сондай-ақ, қазіргі кездегі қазақи аласа үстелге ұқсайтын, бірақ та семантикалық мазмұны, функциональдық қолдану тұрғысынан алып қарағанда әйгілі сарматтардың құрбандық шалатын тас ыдысына өте жақын сирағы төрт аяқты болып келген зооморфтық мүсінді де жатқызуға болады (120-сурет).

әулиелік орындар көптеп саналады. Солардың бірі — Маңқыстаудағы “Шопан Ата” мазары. Бұл мазар жөнінде ел арасында мынадай қызық аңыз бар. Аңыздың желісі бойынша, оқуын тәмәмдаған Шопан Ата ұстазы Хазірет Ахмет Яссауиден киелі асатаяғын сұрайды. Шопан-Ата сияқты шәкіртінің көп екенін және олардың бәрі де асатаяқтан үміткер екенін ескерген Хазірет Ахмет Яссауи барлық шәкірттерін өз киіз үйіне жиып алып, киелі асатаяғын шаңырақтан сыртқа қарай лақтырып жіберіп, оны іздеп тауып әкеліп беруін тапсырады. Осы жүктелген істі кім бірінші орындаса, сол асатаяққа ие болатындығын және ескертеді. Үміткерлердің барлығы үйден шығып, асатаяқты іздеу қамына кірісіп кеткенде, тек Шопан Ата ғана орнынан қозғалмай тұрып қалған екен. Себебі ол асатаяқты үй маңынан табу мүмкін еместігін сезсе керек. Көп сандалыстан кейін ол (Шопан Ата) асатаяқты Маңқыстаудан тауып алып, табылған жерге мешіт салыпты. Кейін ол жер үлкен қорымға айналған екен (Аргынбаев, 1975, 195 б.).



105-сурет

Көптеген халықтар қой түлігін — батырлықтың, сәттіліктің т.т. символы санап, әртүрлі пәле-жаладан қорғайтын болмыстан тыс қасиеті бар киелі жануар деген наным-сеніммен оның скульптуралық-суреттік тұтас немесе анатомиялық бір мүшесінің бейнелерімен еңбек құралдары мен қару-жарақтарын, тұрмыстық және ғұрыптық заттарын, ат әбзелдері мен ер-тұрмаңдарын, киім -кешектерін, бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын безендіріп, атын әулиелерге берген. Оған Маңқыстаудағы бүтін рулы елдің о дүниелік небір азаматтарын бауырына басқан қасиетті қауым “Қошқар Атаны” мысалға келтіруге болады.

Тіліміздегі “қой жылы” секілді мүшел атауы; “қырқым кезінде”, “қозы көш жер” тәрізді уақыт пен кеңістікті білдіретін сөздер; сезім күйін аңғартатын “үріккен қойдай дүркіреп”; адамның мінез-қалпын білдіретін “қойдан жуас” сияқты сөз орамдары т.б. бұл да мал баққан қазақтардың қойды құрметтегенінің бір көрінісі.

Күнделікті тұрмыс-тіршілігі малға негізделген халықтардың наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарына, аңыз-әңгімелері мен мақал-мәтелдеріне сүйенсек, қой түлігі бірқатар символдар мен функцияларды атқарып келген. Мәселен,

сармат-аландарда қошқар образы “фарн” деп аталатын табынушылықпен теңестіріледі. Фарн — бұл көне парсылардың түсінігі бойынша монархиялық биліктің, күштің, байлықтың және қазақша айтқанда “құттың” символы. Енді біз сол символдар мен функцияларға қысқаша тоқталып өтейік.

Қой (қошқар) — құрбандық малы. Құдайға, жанның өлмейтіндігіне, о дүниенің растығына сенген жұрт жаратқанға жалбарынып, тәжім етіп, ата-бабалары жерленген зираттарға, қысқы-жазғы бекеттерге тоқтап, өлген аруақтардың рухы құрметіне құрбандықтар шалған. Сондай құрбандыққа көп шалынатын малдардың бірі — қой түлігі. Оған археологиялық қазбалардан табылған қой түлігінің сүйектері (қараңыз: Железчиков, 1984, 5 б.; Мошкова, 1989, 174 б.) мен көптеген жазба деректер дәлел бола алады. Құрбандық рәсімінде малды жасына, түсіне, жынысына, түріне қарай іріктеген. Мәселен, исламға дейінгі дінді құпия ұстаған Афшин Хайдар (IX ғ. бірінші жартысы) жетісіне бір қара қойды құрбандыққа шалып отырса (Негматов, 1987, 145 б.), көшпелілер соның ішінде, әсіресе, қазақтар көбінесе үш-төрт жастағы маңдайында белгісі бар боз қасқа ақ қойды немесе ақ-сары бас қойды шалған. Бұлар ең жеңіл, атап айтсақ: қайтыс болған адамның аруағына, үйлену тойында, сүндетке отырғызу кезінде және т.б. жағдайларда шалынатын құрбандықтың бәріне тиесілі. Қазақ қоғамында сондай-ақ егіз туып бірге өскен сұр қошқарларды құрбандыққа шалу ғұрпы болған. Құрбандықтың бұл түрі негізінен елім деп еңіреп, еңку-еңку жер

шалып, дұшпанымен алысып жеңіспен оралған ақ сүңгілі, қайқы қылышты ерлерге арналады.

Қошқар — билік символы. Қошқар образы көптеген халықтарда билікпен теңестіріледі. Оған мысал ретінде кейбір жазба деректер мен эпостық жырлардағы Орта Азия билеушілерінің тақтарын алуға болды. Өйткені, бұл тақтардың кейбір бөліктері мүйізі артқа қайырылған қошқар образында берілген (Бичурин, 1950, 274—275, 285, 287 б.б.; Беленицкий, 1962, 17 б.). Қой түлігінің билік символымен





107-сурет



108-сурет

теңестірілуін “жаңа” заманға дейінгі қазақ қоғамынан да байқауға болады. Оған ел аузындағы “Архар ұранды — төре” сөз орамын мысалға алуға болады. Өйткені, архар биік тауда өмір сүрсе, ал төрелер — ел басқарған. “Ақ қошқар қой бастаған ай мүйізді” деген мәтел де осы ұғымға жақын.


Қошқар — “құт”. “Қой семірсе — құт” деп халықымыз айтпақшы қой төлі қазақтардың және Орталық Азияны мекен етіп келе жатқан басқа да халықтардың түсінігінде бақыт пен байлықтың, молшылық пен жақсылықтың символы — “құт”. Оған мысал ретінде қазақтың мына бір ырымын алуға болады. Бұл ырым бойынша қазақтар айрықша белгісі бар тұқымы тұяқ көбейткен жануарларды, соның ішінде, әсіресе, қошқарды құт-береке әкеледі деген ырыммен жақсы көретін туыстарына берген. Бұл ырымның бір ғажабы, бұрынғы иесінің құты кетпесін деп “бақыт әкелетін” малдың сілекейі оның отарындағы малдың барлығының басына жағылған және сол малдан жұлынып алынған бір уыс жүн өз сілекейіне шыланып, сенімді жерге тығылған (Валиханов, 1961, 113 б.; Аргынбаев, 1975, 198 б.). Сондай-ақ бұл ырым бойынша бұндай малдарды ұрып-соғып, жазалауға рұқсат етілмеген. Олардың ұғымынша — қасиетті жануарларды жазалағандар құт-береке, бақыт пен байлықтан айырылады. Егерде осындай құт-береке әкелетін малдарды соғымға (ерекше жағдайларда ғана) соятын болса, онда олардың бас сүйектерін әспеттеп биік тауларға немесе табан тимейтін қадірлі орындарға қоятын болған (Аргынбаев, 1975, 196—197 бб.).

Қой төлі образының “құт” символы ретінде көрінуін көне парсылардың мына бір аңызынан да (б.з. VI ғ. жататын) байқауға болады. Бұл аңызда сол кездегі Иранды билеп тұрған парфян династиясының өкілі Артаванның қошқар басты алтын тәжін ұрлаған сасанид династиясының өкілі Арташирдің


кейіннен бүкіл Иранға патша болғандығы және Артаванның барша байлығы Арташирге өткендігі айтылады (Луконин, 1969, 7 б.). Бұл жерде "құт" символының рөлін "қошқар басты алтын тәж" атқарып тұр. Қазақтар мұны басына "бақ" қонды дейді.

Қошқар — батырлық, мықтылық, символы. Қошқарды көптеген халықтар батырлықтың, мықтылықтың символы санаған. Оған кейбір жазба деректерде кездесетін сасанидтік иран билеушілерінің бастарына киген (Литвинский, 1968, 88—89 бб.), сондай-ақ Керчевтен табылған күміс табақшадағы (VI ғ. жататын) патша бейнесінің басындағы қошқар басы іспетті дулығаларды мысалға алуға болады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше бұл дулығалар бір жағынан соғыс және жеңіс құдайы Веретраганамен байланысты болса, екінші жағынан — патша "фарнасын" көрсетеді (Лившиц, Луконин, 1964, 79 б.). Қошқарды батырлықпен теңестіруді біз сондай-ақ қазақтың батырлық жырындағы Қобыланды образынан көре аламыз. Ол кейбір көріністерде "ай мүйізді, төзімді әрі батыл қошқармен" теңестіріледі (Қобыланды батыр, 1975, 34 б.). Батырлықтың, мықтылықтың нышанын қазақтың мына бір салтынан да байқауға болады. Бұл салт бойынша қазақтар жаңа туған ұл баланың кесілген кіндігін өскенде батыр болсын деп қошқардың мүйізіне байлап жіберетін болған. Ел арасында кездесетін Қошқарбай, Қошқарбек сияқты ер есімдері осындай сенімнен туса керек.

Қошқар (қой) — жебеуші. Ескі нанымдарға сүйенсек, түйе, жылқы сияқты қой түлігінің және оның кейбір анатомиялық мүшелерінің адамдарды тіл-



110-сурет



109-сурет

көзден, пәле-жаладан, ұры-қарыдан, ит-құстан қорғап, сақтай алатын қасиеті болған. Қазақ салтында қойды басқа теппейді. Өйткені, ол — киелі болғандықтан олардың қылшығын, жүнін, сүйегін тіпті тұяғын да қасиетті деп ұғып, оларды тікелей тұмар ретінде пайдаланған. Мысалы, хорезм өзбектері балаларды әртүрлі пәле-жаладан қорғау үшін үйде қошқар ұстаса, ал қазақтар тіл-көзден сақтайды деп қошқардың немесе архардың мүйіздерін көктеу жайлауларындағы, күзеу-қыстауларындағы биік жерлерге, ата-бабалары жатқан қабір үсті құрылыстарының үстіне (121-сурет)




111-сурет

